| **4.2. ОСМОТР, ОТКЛОНЕНИЕ И ОБЕСПЕЧЕНИЕ КАЧЕСТВА ТОВАРОВ**<br>4.2.1. Продавец обязуется проводить испытание Товаров самостоятельно и за свой счет, с целью обеспечения соответствия Товаров условиям Договора.<br>4.2.2. Покупатель может в любое время посетить место изготовления Товаров с целью осмотра, проверки или испытания Товаров.<br>4.2.3. Продавец обязан содействовать Покупателю в процессе проведения осмотра, проверки или испытания Товара, включая, но не ограничиваясь, предоставлять Покупателю доступ к местам изготовления и/или сборки Товара, документам или сведениям на Товар, незамедлительно отвечать на все вопросы Покупателя.<br>4.2.4. Осмотр, проверка или испытание Товаров Покупателем не освобождает Продавца от выполнения своих обязательств в соответствии с Договором.<br>4.2.5. При обнаружении дефекта или несоответствия Товаров условиям Договора в ходе проверки, Покупатель может направить Продавцу уведомление с требованием устранить такой дефект или несоответствие в разумный срок, указанный в уведомлении, а Продавец обязуется выполнить условия, изложенные в уведомлении.<br>4.2.6. В случае не устранения Продавцом дефекта или прочего несоответствия Товаров в срок, указанный в уведомлении, в соответствии с пунктом 4.2.5, Покупатель, может расторгнуть Договор и/или отказаться от его исполнения (отказ от Договора), направив письменное уведомление Продавцу.<br>4.2.7. Продавец обязуется обеспечить соответствие изготавливаемого Товара требованиям, предъявляемым к качеству Товаров, изложенным в Приложении 1 к Договору. В случае отсутствия таких требований, Товары должны соответствовать требованиям стандартов, применяемых к такому типу Товаров.<br>4.2.8. В случае необходимости визита работника (работников) Продавца на месторождение, Продавец обязуется соблюдать визовое законодательство Республики Казахстан. При этом, если между страной Продавца и Республикой Казахстан установлен | **4.2. ТАУАРЛАРДЫ ҚАРАП ШЫҒУ, ҚАБЫЛДАМАУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**<br>4.2.1. Сатушы Тауарлардың сапасы Шарт талаптарына сәйкес келетінін қамтамасыз ету үшін Тауарларды өз күшімен және өз есебінен тексеруге міндетті болады.<br>4.2.2. Сатып алушы Тауарларды қарап шығу, тексеру немесе сынау үшін кез келген уақытта Тауарлар өндірілетін жерге келуі мүмкін.<br>4.2.3. Сатушы қарап шығу, тексеру немесе сынау барысында Сатып алушыға көмектесуі тиіс, оның ішінде (бірақ бұлармен шектелмейді) Сатып алушыға Тауар өндірілетін және/немесе жиналатын жерге кіру, Тауардың құжаттарын я мәліметтерін көру мүмкіндігімен қамтамасыз етуі, сондай-ақ Сатып алушының барлық сұрақтарына кешіктірмей жауап беруі тиіс.<br>4.2.4. Сатып алушының Тауарларды қарап шығуы, тексеруі немесе сынауы Сатушыны Шарттағы міндеттемелерін орындаудан босатпайды.<br>4.2.5. Тексеру нәтижесінде Тауарларда ақау немесе Шарттың талаптарына сәйкессіздік табылса, Сатып алушы мұндай ақауды немесе сәйкессіздікті хабарландыруда көрсетілген қисынды мерзімде жою талабын қамтитын хабарландыру жіберуі мүмкін, ал Сатушы хабарландыруда белгіленген талаптарды орындауға міндетті болады.<br>4.2.6. Сатушы 4.2.5-тармаққа сәйкес хабарламада көрсетілген мерзімде Тауардың ақауын немесе басқа да сәйкессіздігін жоймаған жағдайда, Сатып алушы Сатушыға жазбаша хабарлама жібере отырып, Шартты бұзуға және/немесе оны орындаудан (Шарттан бас тарту) бас тартуы мүмкін.<br>4.2.7. Сатушы өндірілетін Тауардың Шартқа қоса тіркелетін 1 Қосымшада белгіленген сапаға қатысты талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз етуге міндетті. Мұндай талаптар қойылмаған болса, Тауарлар осындай Тауар түріне қолданылатын стандарттардың талаптарына сәйкес келуі тиіс.<br>4.2.8. Сатушы жұмыскерінің (жұмыскерлерінің) кен орнына келуі қажет болған жағдайда, Сатушы Қазақстан Республикасының визалық заңнамасын сақтауға міндеттенеді. Бұл кезде, егер Сатушының елі мен Қазақстан Республикасының арасында визалық режим орнатылған болса, онда Сатып алушы беруші |

| | |
|---|---|
| визовый режим, Покупатель обязуется обеспечивать визовую поддержку, а Продавец обязуется оформлять (получать) соответствующую (деловую) визу.<br>Покупатель предоставляет письмо-приглашение для получения визы, если у Продавца нет представительства на территории Республики Казахстан. По прибытии работника (работников) Продавца на территорию Республики Казахстан Покупатель предоставит все необходимые документы в миграционную полицию Республики Казахстан для прохождения регистрации/подачи уведомлений. Покупатель оплачивает все расходы, связанные с совершением действий, указанных в настоящем пункте.<br>В случае нарушения Продавцом визового режима, например, оформление туристической визы вместо деловой или иное любое нарушение, Продавец несет ответственность в полном объеме за все возможные последствия, в том числе обязуется возместить причиненный Покупателю ущерб (административный штраф за нарушение миграционного законодательства, расходы, связанные с задержанием и депортацией, неисполнение или просрочка исполнения Договора и другое). | визалық қолдауды қамтамасыз етуге міндеттенеді, ал Сатушы тиісті (іскерлік) визаны ресімдеуге (алуға) міндеттенеді.<br>Егер Сатушыда Қазақстан Республикасының аумағында өкілдік болмаған жағдайда, Сатып алушы беруші виза алу үшін шақыру-хат ұсынады. Сатушының жұмыскері (жұмыскерлері) Қазақстан Республикасының аумағына келген кезде Сатып алушы беруші тіркеуден өту/хабарламаларды беру үшін Қазақстан Республикасының көші-қон полициясына барлық қажетті құжаттарды ұсынады. Сатып алушы беруші осы тармақта көрсетілген іс-әрекеттерді жүзеге асыруға қатысты барлық шығыстарды өзі төлейді.<br>Сатушы визалық режимді бұзған жағдайда, мәселен, іскерлік визаның орнына туристік визаны ресімдеген немесе кез келген өзге бұзушылық жасаған болса, Сатушы туындауы ықтимал барлық салдар үшін толық көлемде жауап береді, соның ішінде Сатып алушы берушіге келтірілген залалды өтеуге міндеттенеді (көші-қон заңнамасын бұзғаны үшін салынатын әкімшілік айыппұл, тұтқындаумен және депортациялаумен байланысты шығыстар, Шартты орындамау немесе мерзімінен кешіктіріп орындау және т.б.). |
| 4.2.9. Вместе с поставляемым Товаром Продавец принимает на себя обязательство предоставлять Покупателю оригиналы соответствующих документов (сертификат качества или иной другой аналогичный документ) с указанием сроков хранения каждой партии Товаров, указанием даты изготовления Товара, даты истечения срока хранения Товара, сроком годности Товара, если применимо к данному виду Товара. Такие документы должны быть предоставлены Продавцом Покупателю вместе с поставляемым Товаром. В случае не предоставления документов Продавцом Покупателю, предусмотренных условиями настоящего пункта Договора, Покупатель имеет право отказаться от приемки такого Товара. Все обязательства по возврату такого Товара Покупателем Продавцу из места поставки Товара осуществляется исключительно силами и за счет Продавца. | 4.2.9. Жеткізілетін Тауармен бірге, Сатушы өзіне Сатып алушыға әрбір Тауар топтамасын сақтау мерзімдері, Тауардың жасалған күні, Тауарды сақтау мерзімінің өту күні, егер аталған Тауарға қатысты болса, Тауардың жарамдылық мерзімі көрсетілген тиісті құжаттардың (сапа сертификаты немесе өзге де ұқсас құжат) түпнұсқаларын ұсыну міндеттемесін қабылдайды. Сатушы мұндай құжаттарды Сатып алушыға жеткізілетін Тауармен бірге ұсынуы тиіс. Сатушы Сатып алушыға осы Шарт тармақтарының талаптарымен көзделген құжаттарды ұсынбаса, Сатып алушы мұндай Тауарды қабылдаудан бас тартуға құқылы. Сатып алушының мұндай Тауарды жеткізу орнынан Сатушыға қайтару бойынша барлық міндеттемелері Сатушының күшімен және оның есебінен ғана жүзеге асырылады. |
| 4.2.10. При этом Стороны также соглашаются, что на момент передачи поставляемого Товара Продавцом Покупателю по настоящему Договору, срок годности Товара должен составлять не менее 2/3 от общего срока годности такого Товара. В случае, если на момент передачи Товара Продавцом Покупателю срок годности Товара будет составлять менее 2/3 от общего срока годности Товара, Покупатель имеет право отказать от приемки такого Товара. Все обязательства по возврату такого Товара Покупателем Продавцу из места поставки Товара осуществляется исключительно силами и за счет Продавца. | 4.2.10. Сонымен қатар, Тараптар Сатушының осы Шарт бойынша жеткізілетін Тауарды Сатып алушыға беру сәтіне Тауардың жарамдылық мерзімі мұндай Тауардың жалпы жарамдылық мерзімінен кемінде 2/3 болуы тиіс екенімен келіседі. Сатушының Тауарды Сатып алушыға беру сәтінде Тауардың жарамдылық мерзімі Тауардың жалпы жарамдылық мерзімінен 2/3 кем болса, Сатып алушы мұндай Тауарды қабылдаудан бас тартуға құқылы. Сатып алушының мұндай Тауарды жеткізу орнынан Сатушыға қайтару бойынша барлық міндеттемелері Сатушының күшімен және оның есебінен ғана жүзеге асырылады. |
| **4.3. ЦЕНА И УСЛОВИЯ ОПЛАТЫ**<br>4.3.1. Стоимость за единицу Товара, указанная в Приложении 1 к Договору, является фиксированной и не подлежит изменению в связи с ростом и падением цен на товары, или колебанием валютного курса.<br><br>4.3.2. Покупатель оплачивает Продавцу стоимость каждой партии Товара в течение 30 (тридцати) календарных дней от фактической даты получения Товара (дата подписания уполномоченным лицом Покупателя накладной на отпуск Товаров).<br>Продавец обязан выставить электронный счет-фактуру в адрес Покупателя в сроки и в порядке, установленным Налоговым законодательством Республики Казахстан.<br>Электронный счет-фактура должен содержать подробное описание товарно-материальных ценностей, за которые он выставляется. НДС должен быть выделен. Продавец обязуется оформлять электронный счет-фактуру в соответствии с требованиями действующего налогового законодательства Республики Казахстан. В каждом электронном счете-фактуре должна быть ссылка на номер настоящего Договора, БИН (ИИН), серию и номер свидетельства о постановке на учет по НДС, если Продавец является налогоплательщиком согласно налоговому законодательству Республики Казахстан, а также юридический адрес Покупателя. Оплата электронного счета-фактуры осуществляется только при условии, если он отвечает требованиям настоящего Договора и действующего налогового законодательства Республики Казахстан. Электронный счет-фактура, при оформлении которого Продавцом не соблюдены | 4.3. БАҒА ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ШАРТТАРЫ<br>4.3.1. Шартқа қоса тіркелетін 1 Қосымшада көрсетілген Тауар бірлігінің құны тұрақты және тауар бағаларының көтерілуі мен төмендеуіне немесе валюта бағамының ауытқуына байланысты өзгертілмейді.<br>4.3.2. Сатып алушы Сатушыға Тауардың әрбір топтамасының құнын Тауарды нақты алған күннен (Сатып алушының өкілетті тұлғасының Тауарды жіберуге жөнелтпе құжатқа қол қойған күн) бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде төлейді.<br>Сатушы Сатып алушының атына Қазақстан Республикасының Салық заңнамасына сәйкес мерзімде және тәртіпте электрондық шот фактураны шығаруы тиіс.<br>Электрондық шот-фактурада ол ұсынылатын тауарлы-материалдық құндылықтардың толық сипаттамасы болуы тиіс. ҚҚС бөлек көрсетілуі тиіс. Сатушы электрондық шот-фактураны Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес электрондық шот-фактураны ресімдеуге міндетті. Әрбір электрондық шот-фактурада осы Шарттың нөміріне сілтеме, БСН (ЖСН), ҚҚС бойынша есепке тұру куәлігінің сериясы және нөмірі, егер де Сатушы Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салық төлеуші болып табылса, сонымен қатар Сатып алушының заңды мекенжайы болуы тиіс. Электрондық шот-фактураны ол осы Шарттың және Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасының талаптарына сәйкес болған жағдайда ғана төленеді. Электрондық шот-фактураны ресімдеген кезде Сатушы көрсетілген талаптарды орындамаса, онда ол Сатушыға қайтарылады. Сатушы электрондық шот-фактура жоғарыда |

| | |
|---|---|
| указанные требования, подлежит возврату Продавцу. Продавец соглашается, что в случае если электронный счет-фактура не отвечает вышеуказанным требованиям, его неоплата не может рассматриваться Продавцом в качестве нарушения Покупателем обязательств по настоящему Договору и не может порождать применение в отношении Покупателя штрафных санкций, предусмотренных настоящим Договором.<br>Оплата за поставленный товар производится по реквизитам, указанным в настоящем договоре.<br>4.3.3. Если не указано иное в Договоре, Цена включает стоимость Товара, все налоги и сборы, таможенные платежи, в том числе налог на добавленную стоимость, подлежащие оплате в связи с поставкой и доставкой Товаров, расходы по Поставке Товара Покупателю, его сертификации в Республике Казахстан согласно пункту 4.4.10 (е), а также иные расходы, связанные с Поставкой Товара по настоящему Договору.<br><br>4.3.4. Продавец подтверждает получение всех возможных сведений и всех других данных, необходимых для определения Цены. Цена не подлежит изменению ни по каким причинам, кроме случаев согласования такого изменения Цены в письменной форме за подписью уполномоченного представителя Покупателя.<br>4.3.5. В случае разногласия по счету, выставленному Продавцом, Покупатель уведомляет Продавца о возникновении разногласия. Оплата такого счета будет приостановлена до урегулирования разногласия. Срок оплаты такого счета начнется с даты указанной на измененном счете либо с даты, когда стало ясно, что счет является правильным. При этом Покупатель не будет нести ответственность за просрочку осуществления платежа по спорным счетам.<br>4.3.6. Покупатель вправе не оплачивать поставленные Товары, не соответствующие требуемым спецификациям или не отвечающие требованиям Покупателя.<br>4.3.7. Покупатель имеет право удержать стоимость расходов, пени, неустоек, суммы авансовых платежей, подлежащих возврату и/или уплате Продавцом по настоящему Договору, из сумм оплаты, подлежащих уплате Покупателем в пользу Продавца по настоящему Договору и/или по иным договорам, заключенным с Продавцом.<br>Продавец, при подписании настоящего Договора подтверждает, что ознакомлен с условиями возможного удержания причитающихся сумм Покупателю по Договору и иным договорам, саключенным с Покупателем, а также дает Покупателю свое согласие на такие удержания.<br>4.3.8. Все платежи осуществляются путем перечисления на банковский счет, указанный только в Договоре. Днем оплаты считается день списания денежных средств с банковского счета Покупателя.<br>4.3.9. Товар, включенный в Перечень товаров, утвержденный Решением Совета Евразийской экономической комиссии от 14 октября 2015 года № 59, а также в Перечень товаров, утвержденный Приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 9 февраля 2017 года № 58, и в иных случаях, предусмотренных законодательством Республики Казахстан Продавец обязан корректно указать код ТН ВЭД ЕАЭС.<br>В случае нарушения Продавцом указанного требования, Покупатель вправе, с соблюдением претензионного порядка, предусмотренного Договором, удержать из суммы, подлежащей выплате Продавцу, сумму НДС, предъявленного Продавцом к оплате.<br>Кроме того, Продавец обязан, в течение 10 (десяти) рабочих дней с момента получения требования Покупателя, на основании подтверждающих документов, возместить убытки, связанные с оплатой Покупателем административного штрафа и (или) пени, начисленной в соответствии с налоговым законодательством Республики Казахстан.<br>4.3.10. В случае если Покупатель выражает согласие в переуступке права денежного требования по обязательствам, указанным в уведомлении о переуступке права денежного требования, в отношении данных требований пункты настоящего Договора касающиеся оплаты напрямую Продавцу не действуют.<br>4.3.11. Продавец имеет право осуществить переуступку права денежного требования по настоящему Договору, при условии согласия Покупателя и предоставления в его адрес | көрсетілген талаптарға сәйкес болмаса, онда оның төленбеуін Сатушымен осы Шарт бойынша Сатып алушының міндеттерін бұзғаны ретінде қарастырылмайтынына және осы Шартпен көзделген айыппұл санкцияларының қолданылуын тудырмайтынына келіседі.<br>Жеткізілетін Тауар үшін төлем осы шартта көрсетілген деректемелер бойынша жүзеге асырылады.<br>4.3.3. Шартта басқаша көрсетілмесе, Бағаға Тауар құны, Тауарларды жабдықтау мен жеткізуге байланысты төленуі тиіс барлық салықтар мен алымдар, кеден төлемдері, қосылған құн салығы, Сатып алушыны Тауармен жабдықтауға, Тауарды Қазақстан Республикасында куәландыруға ( 4.4.10 (е) тармағына сәйкес) қатысты шығындар, сонымен қатар осы Шартқа сәйкес Тауармен жабдықтауға қатысты басқа шығындар кіреді.<br>4.3.4. Сатушы Бағаны анықтау үшін қажетті барлық мәліметтер мен басқа барлық деректерді алғанын растайды. Сатып алушының өкілі Бағаны өзгертуге жазбаша түрде келісіп, қолын қоймаса, Бағаны ешбір себепке байланысты өзгерту мүмкін емес.<br>4.3.5. Жабдықтаушы ұсынған шот бойынша түсініспеушілік туындаса, Сатып алушы Сатушыға түсініспеушілік туындағаны туралы хабарлайды. Түсініспеушілік шешілгенше мұндай шотты төлеу уақытша тоқтатылады. Мұндай шотты төлеу мерзімі өзгертілген шотқа қойылған күннен немесе шот дұрыс деп табылған күннен бастап есептеледі. Сонымен бірге Сатып алушы даулы шоттар бойынша төлемді кешіктіруге жауапты болмайды.<br>4.3.6. Сатып алушы талап етілген сипаттамаларға немесе Сатып алушының талаптарына сәйкес келмейтін жабдықталған Тауарлар үшін төлемеуге құқылы.<br>4.3.7. Сатып алушы осы Шарт бойынша және/немесе Сатушымен жасалған өзге де шарттар бойынша Сатып алушының Сатушының пайдасына төлеуге жататын төлем сомасынан осы Шарт бойынша Сатушының қайтаруға және/немесе төлеуге жататын шығыстардың, өсімпұлдардың, тұрақсыздық айыптарының құнын, аванстық төлемдер сомасын ұстап қалуға құқылы.<br>Сатушы осы Шартқа қол қойған кезде осы Шарт және Сатып алушымен жасалған басқа да шарттар бойынша Сатып алушыға төленуі тиіс сомадан ұстап қалу мүмкіндігі талаптарымен танысқанын растайды, сонымен қатар Сатып алушыға осындай ұстап қалуларға өз келісімін береді.<br>4.3.8. Барлық төлемдер тек Шартта көрсетілген банк шотына аудару арқылы жасалады. Алушының банктік шотынан қаражат есептен шығарылғаннан кейін ол төлем күні болып есептелінеді.<br>4.3.9. Еуразиялық экономикалық комиссиясы Кеңесінің 2015 жылғы 14 қазандағы № 59 Шешімімен бекітілген Тауарлар тізбесіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 9 ақпандағы № 58 Бұйрығымен бекітілген Тауарлар тізбесіне қосылған тауарларда, және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де жағдайларда Сатушы ЕАЭО СЭҚ ТН кодын дұрыс көрсетуге міндетті.<br>Сатушы көрсетілген талапты бұзған жағдайда, Сатып алушы Шартта көзделген талап қою тәртібін сақтай отырып, Сатушы төлеуге ұсынған ҚҚС сомасын Сатушы төлейтін сомадан ұстап қалуға құқылы.<br>Бұдан басқа, Сатушы Сатып алушының талабын алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде растайтын құжаттардың негізінде Сатып алушының әкімшілік айыппұлды және (немесе) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес есептелген өсімпұлды төлеуіне байланысты залал сомасын өтеуге міндетті.<br>4.3.10. Егер Сатып алушы ақшалай талап ету құқығын қайта табыстау туралы хабарламада көрсетілген міндеттемелер бойынша ақшалай талап ету құқығын қайта табыстауға келісім берсе, аталған талаптар бойынша осы Шарттың ақы төлеуге қатысты тармақтары тікелей Сатушыға қолданылмайды.<br>4.3.11. Сатушының осы Шарт бойынша ақшалай талап ету құқығын Сатып алушының келісімі және оның атына Сатушы мен тиісті факторингтік компания қол қойған тиісті хабарлама берілген жағдайда қайта табыстауды жүзеге асыруға құқығы бар.<br>4.3.12. Сатушы осы Шарттың 4.3.11-тармағына сәйкес ақшалай талап ету құқығын қайта табыстаған жағдайда, төлем жасауға қатысты міндеттемелерді орындауын талап етуге құқығы жоқ.<br>4.3.13. Сатушыдан ақшалай талап ету құқығын қайта табыстау туралы хабарламаны алғаннан кейін Сатып алушы хабарламаны |

| | |
|---|---|
| соответствующего уведомления, подписанного Продавцем и соответствующей факторинговой компанией.<br>4.3.12. Продавец не имеет права требовать исполнения обязательств в части оплаты в случае переуступки денежного требования согласно пункту 4.3.11. настоящего Договора.<br>4.3.13. При получении уведомления о переуступке права денежного требования от Продавца, Покупатель обязуется рассмотреть его в течение 3 (трех) рабочих дней с даты получения уведомления и предоставить ответ (согласие или отказ).<br>4.3.14. Покупатель имеет право отказать Продавцу в переуступке права денежного требования по настоящему Договору. | алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оны қарастыруға және жауабын беруге (келісу немесе бас тарту) міндеттенеді.<br>4.3.14. Сатып алушы Сатушыға осы Шарт бойынша ақшалай талап ету құқығын қайта табыстаудан бас тартуға құқылы. |
| **4.4. СРОКИ И ПОСТАВКА**<br>4.4.1. Поставка товара по настоящему Договору должна быть осуществлена Продавцом в соответствии с условиями, указанными в приложении №1 к настоящему договору.<br>4.4.2. Покупатель не обязан принимать Товары, доставленные раньше Даты Поставки. Если Покупатель не принимает Товары, доставленные раньше Даты Поставки, то Продавец обязуется за свой счет обеспечить хранение Товаров на складе до Даты Поставки.<br>4.4.3. В случае, если Продавец желает Поставить Товар до Даты Поставки, он должен письменно согласовать с Покупателем дату досрочной Поставки Товара. При этом, Покупатель не обязан согласовывать досрочную Поставку.<br>4.4.4. Продавец обязуется незамедлительно, после того как ему стало известно о невозможности поставки Товаров в Дату Поставки, уведомить Покупателя об этом.<br>4.4.5. Дата Поставки может быть продлена Покупателем только в том случае, если поставка Товара Продавцом задерживается в результате действия, бездействия или халатности Покупателя.<br>4.4.6. Дата Поставки продлевается на разумный срок с учетом причины задержки и соответствующих мер, принятых Продавцом для устранения последствий задержки.<br>4.4.7. Стоимость перевозки Товаров до Места Поставки, а также упаковки и погрузочных работ, включена в Цену.<br>4.4.8. В случае поставки Товаров позже Даты Поставки, что является нарушением условий Договора со стороны Продавца, Покупатель, без ущерба своих других прав, имеет право расторгнуть Договор на Закуп и отказаться от приемки и оплаты Товара.<br>4.4.9. Продавец обязуется выполнить все требования Покупателя по технике безопасности касательно действий Продавца в Месте Поставки.<br><br>4.4.10. Продавец обязан передать Покупателю вместе с поставляемым Товаром оригиналы следующих документов:<br>(a) накладную на отпуск товаров на сторону и/или акт приема-передачи Товара с указанием номера Договора и кода ТНВЭД по каждому Товару;<br>(b) гарантийные документы на Товар – выдаются в виде Гарантийного талона с печатью Продавца и заполненные на приобретаемый Товар. В остальных случаях на Товар распространяется гарантия завода-изготовителя;<br>(c) если Продавец является казахстанским производителем Товара – нотариально заверенную копию сертификата о происхождении Товара для внутреннего обращения, подтверждающего происхождение на территории Республики Казахстан;<br>(d) Если поставляемый Товар входит в перечень продукции и услуг, подлежащих обязательной сертификации согласно Постановлению Правительства РК № 367 от 20.04.05г., вне зависимости от наличия или отсутствия указания в Приложении 1 к Договору условия о качестве Товара, Продавец обязан предоставить один из нижеследующих документов на поставляемый Товар:<br>(i) сертификат соответствия, выданный аккредитованным юридическим лицом Республики Казахстан; или<br>(ii) декларация о соответствии, зарегистрированная аккредитованным юридическим лицом Республики Казахстан; или<br>(iii) сертификаты соответствия иностранных государств, или протоколы испытаний продукции, или знаки соответствия, | **4.4. МЕРЗІМ ЖӘНЕ ЖАБДЫҚТАУ**<br>4.4.1. Осы Шарт бойынша тауарды жеткізу Сатушымен №1 қосымшасында көрсетілген шарт бойынша жүзеге асырылуы тиіс.<br><br>4.4.2. Сатып алушы Жабдықтау күнінен бұрын жеткізілген Тауарларды қабылдауға міндетті емес. Сатып алушы Жабдықтау күнінен бұрын жеткізілген Тауарларды қабылдамаса, Сатушы Тауарларды өз есебінен Жабдықтау күніне дейін қоймада сақтауға міндетті.<br>4.4.3. Сатушы Тауарларды Жабдықтау күнінен бұрын жеткізбекші болса, ол Тауарларды мерзімінен бұрын жабдықтау күнін Сатып алушымен жазбаша келісуі тиіс. Сонымен бірге Сатып алушы мерзімінен бұрын Жабдықтауға келісуге міндетті емес.<br>4.4.4. Тауарларды Жабдықтау күнінде жеткізу мүмкін емес болғаны мәлім болғаннан кейін Сатушы мұны Сатып алушыға дереу хабарлауы тиіс.<br>4.4.5. Тауарды жеткізу Сатып алушының әрекеттеріне, әрекет етпеуіне немесе немқұрайлығына байланысты болған жағдайда ғана Сатып алушы Жабдықтау күнін ұзартуы мүмкін.<br>4.4.6. Кешіктіру себебін және кешіктіру салдарын жою үшін Сатушы қол алған шараларды ескере отырып, Жабдықтау күні қисынды мерзімге ұзартылады.<br>4.4.7. Тауарларды Жеткізу Орнына дейін тасымалдаудың бағасы, сондай ақ қаптау және тиеу жұмыстары Бағаға кіреді.<br>4.4.8. Тауарларды Жеткізу күнінен кеш жеткізілген жағдайда, бұл Сатушы тарапынан Шарт талаптарын бұзу болып табылады, Сатып алушы өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірместен, Сатып алу шартын бұзуға және Тауарды қабылдаудан және төлеуден бас тартуға құқылы.<br>4.4.9. Сатушы Жеткізу жерінде қолға алатын шараларына қатысты Сатып алушы қойған қауіпсіздік техникасының талаптарын орындауға міндетті.<br>4.4.10. Сатушы Сатып алушыға Тауармен бірге мына құжаттардың түпнұсқаларын беруге міндетті:<br>(a) Тауарды беру жүкқұжаты және/немесе Тауарды қабылдау-табыстау актісі Шарттың нөмірімен қоса және әр тауар бойынша сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурамен;<br>(b) Тауардың кепілдік құжаттары — Сатушының мөрі басылған және сатып алынатын Тауар үшін толтырылған Кепілдік талоны түрінде беріледі. Басқа жағдайларда Тауар өндіруші зауыттың кепілдігімен қамтылады;<br>(c) Сатушы Қазақстандық Тауар өндіруші болса — Қазақстан Республикасының аумағында шығарылғанын растайтын, ішкі айналымға арналған Тауардың шыққан жері туралы куәліктің нотариус бекіткен көшірмесі;<br>(d) Тауар ҚР Үкіметінің 20.04.05 шығарылған № 367 қаулысына сәйкес міндетті түрде куәландырылатын өнімдер мен қызметтер тізіміне кірсе, Шартқа қоса тіркелетін 1-Қосымшада Тауар сапасы туралы талап қойылғанына я қойылмағанына қарамастан, Сатушы жеткізілетін Тауар үшін төмендегі құжаттардың бірін тапсыруы тиіс:<br><br>(i) Қазақстан Республикасында тіркелген заңды тұлға берген сәйкестік куәлігі; немесе<br>(ii) Қазақстан Республикасында тіркелген заңды тұлға тіркеген сәйкестік декларациясы; немесе<br>(iii) Қазақстан Республикасында тіркелген заңды тұлға мойындайтын шетелдік сәйкестік куәлігі, өнімді сынау хаттамалары немесе сәйкестік белгілері. |

| | |
|---|---|
| признанные аккредитованным юридическим лицом Республики Казахстан.<br>(e) Если Продавец Товара является участником стран ЕАЭС, Продавец обязан предоставить товаросопроводительные документы, в соответствии со статьей 442 и пункта 3 статьи 443 Налогового Кодекса Республики Казахстан.<br>4.4.11. Если Продавец не передает или отказывается передать Покупателю документы, указанные в пункте 4.4.10, Покупатель вправе назначить ему разумный срок для их передачи, по согласованию сторон.<br><br>4.4.12. В случае, если документы, указанные в пункте 4.4.10, не переданы Продавцом в срок, указанный в пункте 4.4.11 Покупатель вправе отказаться от принятия Товара.<br>В случае если Продавцом вовремя не выставлен корректный электронный счет фактура, Покупатель вправе не оплачивать за поставленные Товары до выписки электронного счета фактуры.<br>4.4.13. При отсутствии претензий по ассортименту и количеству Товара в соответствии с условиями настоящего Договора, Покупатель подписывает накладную на отпуск товаров на сторону и проставляет дату фактического приема Товара и/или Стороны подписывают акт приема-передачи Товара в течение 1 (одного) рабочего дня со дня поставки Товара в Место Поставки.<br>4.4.14. В случае несоответствия Товара (либо любой части Товара) комплектности, количеству, ассортименту, качеству или иным параметрам, предусмотренным в Договоре и в Приложении 1 к Договору, Покупателем составляется акт об обнаруженных недостатках с указанием перечня недостатков и срока устранения недостатков, и Продавец несет ответственность в соответствии с условиями настоящего Договора.<br>4.4.15. В случае если во время эксплуатации Товара обнаружатся скрытые недостатки, которые не были обнаружены Сторонами при приемке Товара, Покупатель составляет акт об обнаруженных скрытых недостатках в одностороннем порядке, а расходы по устранению данных недостатков оплачиваются или возмещаются Продавцом. Сроки по устранению Продавцом скрытых недостатков устанавливаются по согласованию Сторон. При этом все недостатки Товара должны быть устранены силами и за счет Продавца.<br>4.4.16. Если обнаружится недостача в поставке Товара, Продавец должен в срок, согласованный с Покупателем:<br>(a) Поставить недостающее количество Товара полностью за свой счет и своими силами (включая все расходы по транспортировке); или<br>(b) Возвратить Покупателю сумму произведенной им оплаты за Товар пропорционально количеству недостающего Товара.<br>4.4.17. В случае если поставляемый товар входит в перечень продукции (товаров), на которые распространяются расширенные обязательства по производителям (импортерам) и при отсутствии у Продавца собственной системы сбора, переработки и утилизации отходов, Продавец гарантирует, что в целях исполнения расширенных обязательств производителей (импортеров) по обеспечению сбора, транспортировки, переработки, обезвреживания, использования и (или) утилизации отходов, образующихся после утраты потребительских свойств продукции (товаров), на которую (которые) распространяются расширенные обязательства производителей (импортеров), и ее (их) упаковки заключит в установленном законодательством порядке договор и до передачи товара Покупателю обязуется внести своевременную плату (полную плату) на банковский счет оператора расширенных обязательств производителей (импортеров), согласно утвержденному Перечню продукции (товаров) за организацию сбора, транспортировки, переработки, обезвреживания, использования и (или) утилизации отходов, образующихся после утраты потребительских свойств продукции (товаров), на которую (которые) распространяются расширенные обязательства производителей (импортеров), и ее (их) упаковки.<br>Продавец после подписания настоящего договора, но не позднее даты поставки товара, обязан предоставить копию договора об организации сбора, транспортировки, переработки, обезвреживания, использования и (или) утилизации отходов, образующихся после утраты потребительских свойств продукции (товаров), на которую (которые) распространяются расширенные обязательства производителей (импортеров), и ее | (e) Егер де Тауарды Сатушы ЕҚҰО елдерінің қатысушысы болып табылса, онда ол Қазақстан Республикасының Салық Кодексінің 442 бабына және 443 бабының 3 тармағына сәйкес тауарды ілеспелі құжаттарын ұсынуы тиіс.<br>4.4.11. Сатушы 4.4.10 тармағында көрсетілген құжаттарды Сатып алушыға тапсырмаса немесе тапсырудан бас тартса, тапсыру үшін Сатып алушы, екі жақтың келісімі бойынша, қисынды мерзім тағайындауға құқылы<br>4.4.12. Сатушы 4.4.10 тармағында көрсетілген құжаттарды 4.4.11 тармағында көрсетілген мерзімде тапсырмаса, Сатып алушы Тауарды қабылдаудан бас тартуға құқылы.<br>Егер Сатушы уақытында дұрыс электрондық шот фактураны шығармаса, Сатып алушы сатып алынған тауарды Сатушы дұрыс электрондық шот фактураны шығарғанға дейін төлемеуге құқылы<br>4.4.13. Осы Шарттың талаптарына сәйкес Тауардың ассортименті мен мөлшері бойынша наразылық болмаса, Сатып алушы тауарды сыртқа беру жүкқұжатына қол қояды және Тауарды нақты қабылдау актісіне күнін қояды және/немесе Тараптар Тауар Жеткізу жеріне жеткізілгеннен кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде қабылдау-табыстау актіне қол қояды.<br><br>4.4.14. Шартқа қоса тіркелетін 1 Қосымшада және Шартта қарастырылған Тауардың (немесе Тауарлардың кез келген бөлігінің) жинақтылығы, мөлшері, ассортименті, сапасы немесе басқа параметрлері бойынша сәйкессіздіктер болса, Сатып алушы кемшіліктердің тізімі мен оларды жою мерзімдерін көрсетіп, табылған кемшіліктер туралы акт жасайды, ал Сатушы осы Шарттың талаптарына сәйкес жауапкершілік көтереді.<br>4.4.15. Тауарды пайдалану барысында оны қабылдаған кезде Тараптар таппаған жасырын кемшіліктер анықталса, Сатып алушы табылған жасырын кемшіліктер туралы актіні бір жақты жасайды, ал бұл кемшіліктерді жоюға жұмсалған шығынды Сатушы төлейді немесе өтейді. Жасырын кемшіліктерді жою үшін Сатушыға берілетін мерзім Тараптардың келісімі бойынша белгіленеді. Сонымен бірге Тауардың барлық кемшіліктерін Сатушы өз күшімен және өз есебінен жоюы тиіс.<br>4.4.16. Жеткізілген кезде Тауардың жетіспеушілігі анықталса, Сатушы Сатып алушының келісуі бойынша:<br>(a) Өз күшімен және өз есебінен жетіспейтін Тауарды жеткізу (тасымалдау бойынша шығындарды қосқанда); немесе<br>(b) Сатып алушыға Тауар үшін ол төлеген соманы жетіспейтін Тауардың мөлшеріне тепе-тең мөлшерде қайтару.<br>4.4.17. Егер жеткізілетін тауар өндірушілер (импорттаушылар) бойынша кеңейтілген міндеттемелері таралатын өнімдер (тауарлар) тізбесіне кірсе және Сатушыда өзінің қалдықтарды жинау, қайта өңдеу және кәдеге жарату жүйесі болмаса, Сатушы өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері таралатын өнімдердің (тауарлардың) тұтынушы қасиеттерін жоғалтқаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинау, тасымалдау, қайта өңдеу, залалсыздандыру, қолдану және (немесе) кәдеге жарату, қаптауды қамтамасыз ету бойынша өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін орындау мақсатында, заңнамада белгіленген тәртіпте шарт жасайтынына және өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері таралатын өнімдердің (тауарлардың) тұтынушы қасиеттерін жоғалтқаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинау, тасымалдау, қайта өңдеу, залалсыздандыру, қолдану және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру үшін өнімдердің (тауарлардың) бекітілген тізбесіне сәйкес Сатып алушыға тауарды тапсырғанға дейін өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының банктік шотына уақытылы төлемді (толық тһлемді) жасайтынына кепілдік береді.<br><br>Сатушы осы шартқа қол қойғанна кейін, бірақ тауарды жеткізу күнінен кешіктірмей, өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері таралатын өнімдердің (тауарлардың) тұтынушы қасиеттерін жоғалтқаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинау, тасымалдау, қайта өңдеу, залалсыздандыру, қолдану және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру үшін өнімдердің (тауарлардың) бекітілген тізбесіне сәйкес өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторымен заңнамамен белгіленген тәртіпте жасалған өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері таралатын өнімдердің (тауарлардың) тұтынушы |

| | |
|---|---|
| (их) упаковки заключенный в установленном законодательством порядке с оператором расширенных обязательств производителей (импортеров) и документа о полной оплате платы за организацию сбора, транспортировки, переработки, обезвреживания, использования и (или) утилизации отходов, образующихся после утраты потребительских свойств продукции (товаров), на которую (которые) распространяются расширенные обязательства производителей (импортеров), и ее (их) упаковки.<br>В случае непредставления или несвоевременного представления Продавцом соответствующих документов, определенных настоящим пунктом Договора, Покупатель вправе отказаться от исполнения настоящего Договора уведомив об этом Продавца предварительно за два календарных дня до предполагаемой даты расторжения настоящего Договора. При этом в случае предъявления третьими лицами Покупателю претензий к в части произведения оплаты сбора, Продавец обязуется за свой счет и собственными силами урегулировать возникшую ситуацию.<br>4.4.18. В случае, если Продавец желает приехать на территорию Месторождения Актогай с целью установки и/или ввода в эксплуатацию Товара, проверки его характеристик (работоспособности) или иной другой целью, которая связана с поставкой Товара в рамках настоящего Договора, в том числе дальнейшего использования поставленного им Товара по его прямому назначению, то все расходы, связанные с проживанием и питанием сотрудников Продавца или его представителя (ей), в том числе третьих лиц, привлеченных Продавцом в период нахождениях их на Месторождении Актогай подлежат перевыставлению Продавцу. Продавец обязуется в течение 15 (пятнадцати) календарных дней со дня выставления электронного счет-фактуры возместить данные расходы Покупателю. Продавец обязуется письменно уведомить Покупателя о предстоящем прибытии его сотрудников и/или привлеченных им третьих лиц не позднее чем за 10 (десять) рабочих дней до даты такого прибытия.<br>4.4.19. Если товары, ввозятся на территорию Республики Казахстан с территории государств-членов Евразийского экономического союза (ЕАЭС), Продавец обязан предоставить Покупателю за 3 (три) дня до пресечения границ Республики Казахстан следующую информацию:<br>(a) В случае перевозки на автотранспорте:<br>(i) Сканированную копию одного из видов документов и оригинал с товаром – CMR (международная транспортная накладная), ТТН (товарно-транспортная накладная), ТН (транспортная накладная)<br>(ii) марка и государственный номер АТС<br>(iii) марка и государственный номер прицепа<br>(iv) ФИО водителя<br>(v) Наименование Перевозчика. Если Перевозчик - резидент Республикой Казахстан, так же предоставить ИИН (для физических лиц) или БИН (для юридических лиц) Перевозчика.<br>(vi) Планируемый пункт пропуска через границу с Республикой Казахстан<br>(b) В случае перевозки иным видом транспорта (железнодорожный, воздушный):<br>(i) Сканированную копию накладной (железнодорожной, воздушной) и оригинал с товаром<br>(ii) Наименование Перевозчика. Если Перевозчик - резидент РК, так же предоставить ИИН (для физических лиц) или БИН (для юридических лиц) Перевозчика.<br>(iii) Планируемый пункт пропуска через границу с Республикой Казахстан<br>(c) Сканированные копии документов по товару и оригиналы с товаром:<br>(i) Счет-фактура и товарная накладная или УПД (универсальный передаточный документ). Обязательное указание страны происхождения товара, кода ТН ВЭД, номера заявления о ввозе товара либо таможенной декларации на товары | қасиеттерін жоғалтқаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинау, тасымалдау, қайта өңдеу, залалсыздандыру, қолдану және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру туралы шарттың көшірмесін ұсынуға міндетті.<br><br>Сатушы Шарттың осы тармағында көрсетілген тиісті құжаттарды ұсынбаған немесе кешіктіріп ұсынған жағдайда Сатып алушы Сатушыға осы Шарт бұзылады деп болжанған күнге дейін алдын ала екі күнтізбелік күн бұрын ескерте отырып, осы Шартты орындаудан бас тартуға құқылы. Бұл ретте үшінші тұлғалар Сатып алушыға алым төлеу бөлігінде талап қойған жағдайда, Сатушы туындаған жағдайды өз есебінен және өз күшімен реттеуге міндеттенеді.<br><br>4.4.18. Егер Сатушы Тауарды орнату және/немесе пайдалануға беру, оның сипаттамаларын (жұмысқа қабілеттілігін) тексеру мақсатында немесе осы Шарттың аясында Тауарды жеткізумен байланысты өзге мақсатпен, соның ішінде өзі жеткізген Тауардың әрі қарай тікелей мақсатына сай пайдаланылуын тексеру үшін Актогай Кен орын аумағына келгісі келген жағдайда, Сатушы қызметкерлерінің немесе оның өкілінің(өкілдерінің), соның ішінде Сатушы жұмылдырған үшінші тұлғалардың Актогай Кен орында болу кезеңінде қалашықта тұруы мен тамақтануына қатысты барлық шығындар Сатушыға қайта ұсынылады. Сатушы электрондық шот-фактура ұсынылған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Сатып алушыға осы шығындарды өтеп беруге міндеттенеді. Сатушы Сатып алушыға өз қызметкерлерінің және/немесе өзі жұмысқа тартқан үшінші тұлғалардың келетіні туралы олар келгенге дейін 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша түрде хабарлауға міндеттенеді.<br><br>4.4.19. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше-ел аумағынан (ЕАЭО) Қазақстан Республикасы аумағына тауарлар әкелінетін болса, Сатушы Қазақстан Республикасының шекарасынан асқанға дейін 3 (үш) күн бұрын Сатып алушыға мына қапаратты ұсынуы тиіс:<br>(a) Автокөлікпен тасымалдау жағдайында:<br>(i) мына құжаттардың біреуінің сканерленген көшірмесін және тауармен бірге түпнұсқасын – CMR (халықаралық көлік жүккұжаты), ТКЖ (тауарлық-көлікті жүккұжаты), КЖ (көлік жүккұжаты)<br>(ii) АКҚ маркасы және мемлекеттік нөмірі<br>(iii) Тіркеменің маркасы және мемлекеттік нөмірі<br>(iv) Жүргізушінің ТАӘ<br>(v) Тасымалдаушының атауы. Тасымалдаушы Қазақстан Республикасының резиденті болса, Тасымалдаушының ЖСН (жеке тұлғалар үшін) немесе БСН (заңды тұлғалар үшін) ұсыну.<br>(vi) Қазақстан Республикасының шекарасы арқылы жоспарлы өткізу пункті<br>(b) Басқа көлік түрімен тасымалдау жағдайында (теміржол, әуе):<br>i. Жүккұжаттың (теміржол, әуе) сканерленген көшірмесі және тауармен бірге түпнұсқасы<br>ii. Тасымалдаушының атауы. Тасымалдаушы Қазақстан Республикасының резиденті болса, Тасымалдаушының ЖСН (жеке тұлғалар үшін) немесе БСН (заңды тұлғалар үшін) ұсыну.<br>iii. Қазақстан Республикасының шекарасы арқылы жоспарлы өткізу пункті<br><br>(c) Тауар құжаттарының сканерленген көшірмелері және тауармен бірге түпнұсқасы:<br>i. Шот-фактура және тауарлық жүккұжат немесе ӘТҚ (әмбебап тапсыру құжаты). Тауар шығарылған елді, ЭТҚ ТН кодын, тауарды кіргізу туралы өтініштің немесе тауардың кедендік декларациясының нөмірін міндетті түрде көрсету |

| | |
|---|---|
| (ii) Упаковочный лист. Обязательное указание типа упаковки, веса нетто и брутто по каждой позиции | ii. Буып-түю парағы. Қаптама түрін, әр позиция бойынша нетто және брутто салмағын міндетті түрде көрсету |
| **4.5. ГРАФИК ПОСТАВКИ**<br>4.5.1. Если в Приложении 1 к Договору предусмотрено обязательство Продавца о предоставлении графика Поставки (и/или поставки Товара, согласно графику), и график Поставки не определен в Договоре, Продавец обязуется предоставить и согласовать с Покупателем график Поставки с указанием основных сроков изготовления и поставки Товаров в течение 7 (семи) дней с момента заключения Договора.<br><br>4.5.2. В случае Поставки Товара в соответствии с графиком Поставки, Дата(ы) Поставки указываются в таком графике Поставки. | **4.5. ЖАБДЫҚТАУ КЕСТЕСІ**<br>4.5.1. Егер де Шартқа қоса тіркелетін 1-Қосымшада Жабдықтау кестесін (және/немесе Тауарды жеткізу, кестеге сәйкес) ұсыну туралы міндеттеме қарастырылған болса, және де Жабдықтау кестесі Шартпен анықталмаған болса, онда Сатушы Сатып алушымен келісіп Шартты жасаған күннен бастап 7 (жеті) күн ішінде Жабдықтау кестесін ұсынуы тиіс. Кестеде Тауарларды жасаудың және жеткізудің негізгі мерзімдері көрсетілуі тиіс.<br>4.5.2. Егер де Тауар Жабдықтау кестесімен сәйкес жеткізілсе, онда Жабдықтау күні (дері) мұндай Жабдықтау кестесінде көрсетіледі. |
| **4.6. РИСК СЛУЧАЙНОЙ ГИБЕЛИ И ПРАВО СОБСТВЕННОСТИ**<br>4.6.1. Риск случайной гибели и право собственности на Товар переходит от Продавца к Покупателю с момента приема Товара Покупателем на основании расходной накладной и/или акта приема-передачи Товара.<br>4.6.2. Продавец обязуется застраховать Товары от всех рисков потери, повреждения и ухудшения качества на полную сумму замены до момента поставки Товаров в Место Поставки и принятия Товара Покупателем.<br>4.6.3. Продавец обязан возместить Покупателю все документально подтвержденные затраты, убытки или расходы, понесенные Покупателем в результате действия или бездействия Продавца, его подрядчиков, сотрудников или агентов (включая поставку некачественных Товаров). | **4.6. КЕЗДЕЙСОҚ ЖОЙЫЛУ ТӘУЕКЕЛІ ЖӘНЕ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ**<br>4.6.1. Тауарға қатысты кездейсоқ опат болу қатері мен жеке меншік құқығы Сатып алушы шығын жүккұжаты және/немесе Тауарды қабылдау-табыстау актінің негізінде Тауарды қабылдаған кезде Сатушыдан Сатып алушыға өтеді.<br>4.6.2. Тауарлар Жеткізу жеріне жеткізіліп, Сатып алушы оларды қабылдаған кезге дейін Сатушы Тауарларды барлық жоғалту, зақымдалу және сапасының төмендеуі қатерлерінен толық ауыстыру сомасына сақтандыруы тиіс.<br>4.6.3. Сатушының, оның мердігерлерінің, қызметкерлерінің немесе агенттерінің әрекеттері немесе әрекетсіздігі (оның ішінде сапасыз Тауарлармен жабдықтау) салдарынан Сатып алушы шеккені құжаттармен дәлелденген барлық шығындарды, залалдарды немесе жұмсалған қаражатты Сатушы Сатып алушыға өтеуге міндетті. |
| **4.7. ВОЗВРАТ ТОВАРОВ**<br>4.7.1. Если в течение 14 (четырнадцати) рабочих дней после поставки Товара Покупатель обнаружит, что Товар или комплектующая деталь Товара не соответствуют условиям Договора, то Покупатель вправе вернуть такой Товар Продавцу.<br>4.7.2. В случае осуществления Покупателем своих прав в соответствии с пунктом 4.7.1, Продавец, в течение 10 календарных дней с момента получения письменного требования Покупателя, обязуется возместить Покупателю:<br>(a) сумму, оплаченную Покупателем за такой возвращенный Товар; а также<br>(b) затраты или потери, понесенные Покупателем в связи с поставкой или возвратом такого Товара. | **4.7. ТАУАРЛАРДЫ ҚАЙТАРУ**<br>4.7.1. Тауар жеткізілгеннен кейін 14 (он төрт) жұмыс күні ішінде Сатып алушы Тауар немесе Тауардың қосалқы бөлшегі Шарттың талаптарына сай келмейтінін анықтаса, Сатып алушы мұндай Тауарды Сатушыға қайтаруға құқылы.<br>4.7.2. Сатып алушы өзінің 4.7.1 тармағында көрсетілген құқығын қолданса, Сатушы Сатып алушының жазбаша талабын алғаннан кейін 10 күнтізбелік күн ішінде Сатып алушыға мыналарды өтеуге міндетті болады<br>(a) Сатып алушы осындай қайтарылған Тауарға төлеген сома; және<br>(b) Сатып алушы мұндай Тауармен жабдықтау немесе оны қайтару салдарынан шеккен кез келген шығындар немесе ысырап. |
| **4.8. ГАРАНТИИ И ОБЕСПЕЧЕНИЯ**<br>4.8.1. Продавец гарантирует, что Товары будут:<br><br>(a) при доставке, новыми, высококачественными, отвечающими требованиям сбыта, и без дефектов и повреждений;<br>(b) точно соответствовать наименованию, указанному в Приложении 1 к Договору;<br>(c) соответствовать применимым моделям или техническим требованиям;<br>(d) пригодными для использования в целях, заявленных Продавцу Покупателем или, в случае отсутствия таких заявленных целей, пригодными для использования в целях, в которых обычно используются товары такого типа;<br>(e) соответствовать гарантийным срокам или гарантийным обязательствам, содержащимся в Приложении 1 к договору или обычно предоставляемым Продавцом и/или изготовителем Товаров;<br>(f) соответствовать всем применимым стандартам ГОСТ, СНиП и Техническим условиям Республики Казахстан;<br>(g) соответствовать положениям применимого законодательства; а также<br>(h) свободны от прав третьих лиц, не обременены, не состоять в споре или под арестом. В противном случае Продавец урегулирует все претензии и иски имущественного и/или неимущественного характера самостоятельно и за свой счет.<br>4.8.2. Гарантии, указанные в пункте 4.8.1, являются дополнительными к гарантиям, которые подразумеваются в гарантии Продавца или могут подразумеваться в соответствии с законами, применимыми к купле-продаже товаров и другими законами, применимыми к Товарам. | **4.8. КЕПІЛДЕР МЕН КЕПІЛДІКТЕР**<br>4.8.1. Сатушы Тауарлар мына талаптарға сәйкес болатынына кепілдік береді:<br>(a) жеткізілген кезде жаңа, жоғары сапалы, сату талаптарына сай және ақауы мен зақымы жоқ;<br>(b) Шартқа қоса тіркелетін 1 Қосымшада көрсетілген атауға дәл сәйкес келеді;<br>(c) тиісті модельдерге немесе техникалық талаптарға сай келеді;<br><br>(d) Сатып алушы Сатушыға мәлімделген мақсаттармен пайдалануға жарамды немесе мұндай мақсаттар мәлімделмеген болса, мұндай тауарлар әдетте пайдаланылатын мақсаттарға жарамды;<br><br>(e) Шартқа қоса тіркелетін 1 Қосымшада көрсетілген немесе Тауарлардың сатушылары және/немесе өндірушілері әдетте беретін кепілдік мерзімдеріне я кепілдік міндеттемелеріне сәйкес;<br>(f) Қазақстан Республикасының барлық тиісті МЕМСТ, ҚНжЕ стандарттарына және Техникалық шарттарына сай келеді;<br>(g) барлық тиісті заңнамалардың ережелеріне сай келеді; және<br><br>(h) үшінші тараптардың құқығы жоқ, ауыртпалығы жоқ, дау немесе тыйым салу субъектісі емес. Әйтпесе, Сатушы мүліктік немесе мүліктік емес барлық наразылықтар мен талаптарды өз күшімен және өз есебінен реттейді.<br>4.8.2. 4.8.1 тармағында көрсетілген кепілдіктер Сатушының кепілдігінде ескерілетін немесе тауарларды сатып алу мен сатуға қолданылатын заңдарға және Тауарларға қолданылатын басқа |

| | |
|---|---|
| 4.8.3. Продавец гарантирует, что обладает необходимыми навыками, ресурсами и опытом для того, чтобы успешно поставить Товары в соответствии с настоящим Договором и Приложение 1 к Договору.<br>4.8.4. Продавец гарантирует, что владеет всеми правами на интеллектуальную собственность (включая патенты, товарные знаки и авторское право) необходимыми для поставки Товаров в соответствии с Приложением 1 к Договору, и обязуется возместить Покупателю все потери, расходы, ущерб или затраты, понесенные Покупателем в результате требования третьего лица, утверждающего, что у него есть право интеллектуальной собственности на Товары.<br>4.8.5. Продавец гарантирует Покупателю, что он является законным и единственным владельцем Товаров, поставляемых в соответствии с Договором и Приложением 1 к Договору.<br>4.8.6. Если Договор заключается на основании протокола подведения итогов закупа Товаров, работ и услуг при проведении операций по недропользованию Продавец обязан обеспечить долю местного (казахстанского) содержания в поставляемом товаре в размере согласно протоколу подведения итогов закупа.<br><br>4.8.7. Если иное не установлено в соответствующем Приложении 1 к Договору, Продавец гарантирует качество, целостность, работоспособность поставленного Товара в течение 12 (двенадцати) месяцев со дня приемки Товара Покупателем по расходной накладной («Гарантийный срок») и обязуется в срок, указанный ниже, безвозмездно устранять дефекты, возникшие в процессе эксплуатации Товара. При этом по требованию Покупателя Продавец обязуется подписать соответствующий дефектный акт. Срок устранения дефектов Продавцом не должен превышать 10-ти календарных дней с момента получения претензии от Покупателя, в противном случае к Продавцу применяются санкции, предусмотренные пунктом 4.13.1. Договора.<br>4.8.8. В случае если Продавец в течение срока, указанного в дефектном акте, подписанном Сторонами, не устранит дефекты, возникшие в процессе эксплуатации Товара, Покупатель без ущемления своих прав по гарантии может устранить такие дефекты за свой счет. В этом случае Продавец принимает на себя обязательство в течение 10 (десяти) календарных дней с даты выставления Покупателем соответствующего счета, выплатить Покупателю стоимость затрат, связанных с устранением таких дефектов.<br>4.8.9. В случаях Поставки Товара на условиях DDP (Инкотермс 2010), Продавец гарантирует, что поставляемый Покупателю по настоящему Договору Товар, если он произведен за пределами Республики Казахстан, надлежащим образом оформлен в таможенных органах и в отношении него уплачены все таможенные платежи и налоги, взимаемые по законодательству Республики Казахстан при импорте, в противном случае, Продавец принимает все вышеуказанные расходы на себя. | заңдарға сәйкес ескерілуі мүмкін кепілдіктерге қосымша кепілдік болып табылады.<br>4.8.3. Сатушы осы Шартқа және Шартқа қоса тіркелетін 1 Қосымшаға сәйкес Тауарлармен жабдықтау үшін қажетті дағдылары, қоры және тәжірибесі бар екеніне кепілдік береді.<br>4.8.4. Сатушы Шартқа қоса тіркелетін 1 Қосымшаға сәйкес Тауарлармен жабдықтау үшін қажетті барлық зияткерлік меншік (оның ішінде патенттер, тауар белгілері мен авторлық құқық) құқығына ие екеніне кепілдік береді және Тауарларға қатысты зияткерлік меншік құқығына ие екенін мәлімдеген үшінші тараптың талаптары салдарынан Сатып алушы шеккен барлық ысырапты, жұмсалған қаражатты, зиянды немесе шығындарды өтеуге міндетті болады.<br>4.8.5. Сатушы Сатып алушыға Шарт пен Шартқа қоса тіркелетін 1 Қосымшаға сәйкес жабдықталатын Тауарлардың заңды және жалғыз иесі екеніне кепілдік береді.<br>4.8.6. Егер де Шарт жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізу барысында тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу қорытындыларын шығару туралы хаттама негізінде жасалатын болса, онда Сатушы жеткізілетін тауарда сатып алудың қорытындыларын шығару туралы хаттамаға сәйкес мөлшерде жергілікті (қазақстандық) қамтудың үлесін қамтамасыз етуі тиіс.<br>4.8.7. Шартқа қоса тіркелетін 1 Қосымшада басқаша көрсетілмесе, Сатушы жеткізілген Тауардың сапасына, бүтіндігіне, жұмыс істеуіне Тауарды шығын жүккұжаты бойынша қабылдаған күннен бастап 12 (он екі) ай ішінде кепілдік береді («Кепілдік мерзімі») және төменде көрсетілген мерзім ішінде Тауарды пайдалану барысында пайда болған ақауларды тегін жоюға міндетті болады. Мұндай жағдайда, Сатушы Сатып алушының талабы бойынша тиісті ақау актісіне қол қоюға міндеттенеді. Сатушымен ақауларды жою мерзімі Сатып алушыдан наразылық түскен сәттен бастап 10 күнтізбелік күннен аспауы тиіс, әйтпесе Сатушыға Шарттың 4.13.1. тармағында қарастырылған санкциялар қолданылады.<br>4.8.8. Сатушы Тараптар қол қойған ақау актісінде көрсетілген мерзімде Тауарды пайдалану барысында пайда болған ақауларды жоймаса, Сатып алушы өзінің кепілдік бойынша құқықтарына нұқсан келтірмей мұндай ақауларды өз есебінен жоюы мүмкін. Мұндай жағдайда Сатушы бұл ақауларды жоюға қатысты Сатып алушы шеккен шығынды тиісті шот ұсынылғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде төлеуге міндетті.<br><br>4.8.9. Тауар DDP (Инкотермс 2010) шарттарына сәйкес Жабдықталған жағдайда, осы Шарт бойынша Сатып алушыға жеткізілетін Тауар Қазақстан Республикасынан тыс жерде өндірілген болса, кеден органдарында тиісті түрде рәсімделген және импорт кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салынатын оған қатысты барлық кеден төлемдері мен салықтар төленгеніне Сатушы кепілдік береді, әйтпесе Сатушы келтірілген барлық шығындарды өз мойнына алады. |
| **4.9. НЕКАЧЕСТВЕННЫЕ ТОВАРЫ**<br>4.9.1. Если, в любой момент в течении Гарантийного срока Покупатель обнаружит, что Товары (либо любая часть Товара) не соответствуют условиям, требованиям и/или гарантиям, указанным в пункте 4.8.1, или иным другим условиям Договора, Покупатель имеет право (без ограничения какого-либо другого предоставленного ему права):<br>(a) устранить неисправность Товаров самостоятельно или с помощью третьих лиц, а понесенные расходы, потери, ущерб и затраты Покупателя подлежат возмещению Продавцом Покупателю; или<br>(b) направить Продавцу уведомление в соответствии с пунктом 4.9.2.<br>4.9.2. Продавец обязан, в соответствии с требованиями Покупателя, указанными в его письменном уведомлении, самостоятельно и за свой счет, выполнить одно из следующих действий:<br>(a) вывезти Товары, исправить дефекты и/или повреждения и вернуть Товары Покупателю; или<br>(b) заменить Товары; или<br>(c) вернуть стоимость Товаров. | **4.9. САПАСЫЗ ТАУАРЛАР**<br>4.9.1. Кепілдік мерзімінің кез келген сәтінде Сатып алушы Тауарлардың (немесе Тауарлардың кез келген бөлігінің) 4.8.1. тармағында немесе Шарттың басқа талаптарында көрсетілген шарттарға, талаптарға және/немесе кепілдіктерге сәйкес келмейтінін анықтаса, Сатып алушы мына шараларды қолдануға құқылы болады (басқа ешбір құқығын шектемей):<br>(a) Тауарлардың ақауларын өз күшімен немесе үшінші тараптың көмегімен жою, ал Сатып алушы шеккен шығынды, ысырапты және жұмсалған қаражатын Сатушы Сатып алушыға өтейді; немесе<br>(b) Сатушыға 4.9.2. тармағына сәйкес хабарландыру жіберу.<br><br>4.9.2. Сатушы Сатып алушының жазбаша хабарландыруында көрсетілген талабы бойынша төмендегі шаралардың біреуін өз күшімен және өз есебінен орындауы тиіс:<br>(a) Тауарларды тасып шығарып, ақауларды және/немесе зақымдарды жойып, Тауарды Сатып алушыға қайтару; немесе<br>(b) Тауарларды ауыстыру; немесе<br>(c) Тауарлардың құнын қайтару. |
| **4.10. КОНФИДЕНЦИАЛЬНОСТЬ**<br>4.10.1. Настоящий Договор и Приложение 1 к Договору должны рассматриваться как конфиденциальная информация, не | **4.10. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ**<br>4.10.1. Осы Шарт және Шартқа қоса тіркелетін 1 Қосымша Сатып алушының алдын ала жазбаша рұқсатынсыз үшінші |

| | |
|---|---|
| подлежащая раскрытию третьим лицам или использованию в целях рекламы, демонстрации или публикации без предварительного письменного согласия Покупателя.<br>4.10.2. Несмотря на вышесказанное, Стороны договорились, что любая информация и документы, полученные по настоящему Договору, могут быть переданы и раскрыты компаниям Группы KAZ Minerals с соблюдением режима о конфиденциальности. Под компаниями Группы KAZ Minerals понимаются компании, их филиалы, представительства и дочерние компании, прямо или косвенно контролируемые, или находящиеся под общим контролем компании KAZ Minerals Limited.<br><br>4.10.3. Стороны согласились об исключении любой формы ответственности за распространение и передачу компаниям Группы KAZ Minerals информации и документов, полученных по настоящему Договору, за исключением случаев, если указанными действиями был причинен реальный ущерб, который обоснован, доказан и подтвержден соответствующими документами, включая вступившее в законную силу решение суда.<br>4.10.4. Продавец обязуется не допускать использование и публикацию своими работниками и иными лицами в средствах массовой информации (интернет, социальные сети, газеты, телевидение и др.) фото, видео, текстовых публикаций и иной информации, связанной с деятельностью компаний Группы KAZ Minerals, которая может быть получена в рамках настоящего соглашения (контракта, договора), или в процессе иных взаимоотношений с компаниями Группы KAZ Minerals и ее работниками. | тараптарға ашылмайтын немесе жарнама, көрсету немесе жариялау мақсатымен қолданылмайтын құпия ақпарат ретінде қарастырылуы тиіс.<br><br>4.10.2. Жоғарыда айтылғанға қарамастан, Тараптар осы Шарт бойынша алынған кез келген ақпарат немесе құжаттар құпиялылылық тәртібін сақтаумен KAZ Minerals Тобының компанияларына берілуі және жариялануы мүмкін екендігі жайында келісті. KAZ Minerals Тобының компаниялары деп отырғанымыз, KAZ Minerals Limited компаниясы тікелей немесе жанама түрде бақылау жасайтын, немесе оның жалпы бақылауындағы компаниялар, олардың филиалдары, өкілдіктері мен еншілес компаниялары.<br>4.10.3. Заңды күшіне енген сот шешімдерін қоса алғанда, әрекеттердің тиісті құжаттармен негізделген, дәлелденген және расталған нақты залал келтіру жағдайларын қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша алынған ақпарат пен құжаттарды KAZ Minerals Тобының компанияларына тарату және беру үшін жауапкершіліктің кез келген түрін алып тастау жайында келісті.<br><br>4.10.4. Сатушы өз қызметкерлерінің және басқа тұлғалардың бұқаралық ақпарат құралдарында (интернет, әлеуметтік желілер, газеттер, теледидар және т.б.) осы келісім (келісімшарт, шарт) шеңберінде немесе KAZ Minerals Тобы компанияларымен және олардың қызметкерлерімен басқа да қарым-қатынастар барысында алынуы мүмкін KAZ Minerals Тобы компанияларының қызметімен байланысты фото, видео, мәтіндік басылымдарды пайдалануына және жариялауына жол бермеуіне міндетті. |
| **4.11. ЧЕРТЕЖИ И ИНСТРУМЕНТЫ**<br>4.11.1. Все инструменты, образцы, материалы, чертежи, технические условия и прочие данные, предоставленные Покупателем на основании Приложения 1 к Договору:<br>(a) остаются собственностью Покупателя;<br>(b) должны использоваться исключительно в целях исполнения настоящего Договора;<br>(c) не должны передаваться или раскрываться третьим лицам, за исключением случаев письменного согласия Покупателя; а также<br>(d) должны быть возвращены Продавцом Покупателю после выполнения условий Договора.<br>4.11.2. Любое отклонение или изменение спецификаций, или чертежей должно быть согласовано с Покупателем в письменном виде. Если Продавец находит ошибки, несоответствия или неточности в спецификациях или чертежах, или при необходимости их изменения, Продавец обязан незамедлительно уведомить Покупателя в письменном виде. Чертежи, предоставленные Покупателем Продавцу, должны содержаться в конфиденциальности, и Продавец, без предварительного письменного согласия Покупателя, не вправе передавать их третьим лицам или пользоваться ими в иных целях, кроме целей, предусмотренных при исполнении условий настоящего Договора.<br>4.11.3. По просьбе Покупателя Продавца обязуется предоставить чертежи и технические данные для их согласования Покупателем и/или для целей учета. Любое такое согласование не подразумевает, что Покупатель проверил или несет ответственность за правильность чертежей или технических данных, кроме тех, которые представлены самим Покупателем. | **4.11. СЫЗБАЛАР МЕН ҚҰРАЛДАР**<br>4.11.1. Сатып алушы Шартқа қоса тіркелетін 1 Қосымша бойынша берген барлық құралдар, үлгілер, материалдар, сызбалар, техникалық шарттар және басқа деректер:<br>(a) Сатып алушының меншігінде қалады;<br>(b) тек осы Шартты орындауға қатысты мақсатпен қолданылуы тиіс;<br>(c) Сатып алушы жазбаша рұқсат берген жағдайлардан басқа үшінші тараптарға берілмеуі немесе ашылмауы тиіс; және<br>(d) Шарттың талаптары орындалғаннан кейін Сатушы Сатып алушыға қайтаруы тиіс.<br>4.11.2. Сипаттамалардан кез келген ауытқу немесе сипаттамаларды, сызбаларды өзгерту әрекеттері Сатып алушымен жазбаша түрде келісілуі тиіс. Сатушы сипаттамаларда немесе сызбаларда сәйкессіздіктер я олқылықтар тапса, не болмаса оларды өзгерту керек болса, Сатушы Сатып алушыны жазбаша түрде дереу хабардар етуі тиіс. Сатып алушы Сатушыға берген сызбалар құпия түрде сақталуы тиіс және Сатушының Сатып алушының алдын ала берген жазбаша келісімінсіз оларды үшінші тараптарға беруге немесе осы Шарттың талаптарын орындау үшін қарастырылған мақсаттардан басқа мақсатпен қолдануға құқығы жоқ.<br><br>4.11.3. Сатып алушының сұрауы бойынша Сатушы сызбалар мен техникалық деректерді Сатып алушының келісуі және/немесе есепке алу үшін беруге міндетті. Кез келген мұндай келісу нәтижесінде Сатып алушы өзі берген сызбалар мен техникалық деректерден басқа сызбаларды немесе техникалық деректерді тексеріп, олардың дұрыстығына жауап беретін болады деп түсінілмейді. |
| **4.12. РАСТОРЖЕНИЕ, ОТКАЗ И ПРИОСТАНОВЛЕНИЕ**<br>4.12.1. Стороны имеют право расторгнуть настоящий Договор в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан.<br>4.12.2. Покупатель имеет право приостановить всю поставку Товаров в любой момент, в течение любого промежутка времени путем направления Продавцу письменного уведомления. Продавец обязан выполнить требования, указанные в таком уведомлении и возобновить поставку после получения соответствующего уведомления от Покупателя. Продавец не имеет право требовать дополнительную плату, возникающую в результате приостановки.<br>4.12.3. Покупатель может отказаться от исполнения настоящего Договор в любой момент, направив Продавцу предварительное уведомление в письменной форме за 15 (пятнадцать) календарных дней до наступления предполагаемой | **4.12. БАП ШАРТТЫ БҰЗУ ЖӘНЕ УАҚЫТША ТОҚТАТУ**<br>4.12.1. Тараптар осы Шартты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бұзуға құқылы.<br>4.12.2. Сатып алушы Сатушыға жазбаша хабарландыру жіберіп, кез келген сәтте және кез келген уақыт аралығында Тауарлармен жабдықтауды тоқтатуға құқылы. Сатушы мұндай хабарландыруда көрсетілген талаптарды орындауға және Сатып алушыдан тиісті хабарландыруды алғаннан кейін жабдықтауды жалғастыруға міндетті. Сатушы тоқтатуға байланысты туындайтын қосымша төлемді талап етуге құқылы емес.<br>4.12.3. Сатып алушы Шарттан бас тартады, бұзылады деп болжанған күнге дейін 15 (он бес) күнтізбелік күн бұрын Сатушыға жазбаша нысанда алдын ала хабарлама жібере отырып, кез келген сәтте осы Шартты орындаудан бас тарта алады. Сатып алушының қарсы талаптарды есепке алуға немесе шегеруге арналған барлық құқықтарын ескере отырып, Сатып алушының |

| | |
|---|---|
| даты отказа от Договора. С учетом всех прав Покупателя на зачет встречных требований или вычет, единственным обязательством Покупателя при отказе от Договора по любой причине, является обязательство оплатить Продавцу за Товары, поставленные и принятые Покупателем и за Товары находящиеся в процессе доставки после их фактической доставки и проверки по качеству и количеству в соответствии с Приложением 1 к Договору до даты расторжения Договора в связи с отказом. Продавец должен предоставить документальное подтверждение о надлежащей отгрузки товара.<br>4.12.4. Покупатель имеет право, без соблюдения пункта 4.12.3 выше, в одностороннем порядке отказаться от исполнения настоящего Договора (отказ от Договора), письменно уведомив об этом Продавца за 3 (три) календарных дня до наступления предполагаемой даты отказа от Договора в случаях:<br>(i) задержки Продавцом сроков поставки Товара, предусмотренных условиями Приложения 1 к Договору, более чем на 5 (пять) календарных дней по причинам, не зависящим от Покупателя;<br>(ii) несоблюдения Продавцом требования к качеству Товара (либо любой части Товара);<br>(iii) не устранения Продавцом недостатков, обнаруженных в качестве Товара (либо любой части Товара);<br>(iv) нарушения Продавцом иных обязательств по настоящему Договору<br>(v) нарушения Продавцом пункта 4.4.10 (e) выше (если условия данного пункта применимы к поставляемому Товару). | кез келген себеп бойынша Шарттан бас тартқан кездегі жалғыз міндеттемесі Сатып алушы жеткізген және қабылдаған Тауарлар үшін және оларды іс жүзінде жеткізгеннен кейін жеткізу процесіндегі Тауарлар үшін және Шарттың 1-қосымшасына сәйкес сапасы мен саны бойынша тексеруден кейін бас тартуға байланысты Шарт бұзылған күнге дейін Сатушыға төлеу міндеттемесі болып табылады. Сатушы тауардың тиісті тиелгені туралы құжатты растауды ұсынуы тиіс.<br>4.12.4. Сатып алушы жоғарыда көрсетілген 4.12.3-тармақты сақтамай, төменде көрсетілген жағдайларда, бір жақты тәртіппен осы Шартты орындаудан бас тартуға (Шарттан бас тартуға) құқылы, бұл туралы Сатушыға Шарттан бас тартудың болжамды күні басталғанға дейін 3 (үш) күнтізбелік күн бұрын жазбаша хабарлайды:<br>(i) Сатушы Сатып алушыға қатысы жоқ себептерге байланысты Шартқа қоса тіркелетін 1-Қосымшаның талаптарына сай Тауарды жеткізу мерзімінен 5 (бес) күнтізбелік күнге кешіктірсе;<br>(ii) Сатушы Тауардың (немесе Тауардың кез келген бөлігінің) сапасына қойылатын талаптарды сақтамаса;<br>(iii) Сатушы Тауар (немесе Тауардың кез келген бөлігінің) сапасында табылған кемшіліктерді жоймаса.<br>(iv) Сатушы осы Шартқа және/немесе Сатып алу тапсырысына сәйкес басқа міндеттемелерін бұзса, сонымен қатар;<br>(v) Сатушы жоғарыдағы 4.4.10 (e) тармағын бұзса (осы тармақтың талаптары жеткізілетін Тауарға қолданылатын болса). |
| **4.13. СОБЛЮДЕНИЕ НАЛОГОВОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА И ПРОТИВОДЕЙСТВИЕ УКЛОНЕНИЮ ОТ УПЛАТЫ НАЛОГОВ**<br>4.13.1. Каждая из Сторон заверяет и гарантирует, что:<br>(a) такая Сторона совместно со своими Связанными лицами полностью осознает и понимает положения всех применимых законов о налогообложении, в том числе, без ограничения, Закон 2017 года Соединенного Королевства «О финансовых преступлениях», с учетом любых изменений и дополнений этого закона в то или иное время, подзаконных нормативных правовых актов, принятых в реализацию названного закона и любых обязательств, вытекающих из этого закона (в совокупности - «Законы о налогообложении»);<br>(b) такая Сторона совместно со своими Связанными лицами не совершала и не совершает:<br>(i) преступлений, заключающихся в мошенничестве в отношении государственных доходов; и<br>(ii) преступлений, заключающихся в сознательной вовлеченности в действия или в непосредственном совершении действий в целях уклонения от уплаты налогов (в совокупности - «Уклонение от уплаты налогов»);<br>(c) такая Сторона вместе со своими Связанными лицами не совершала и не совершает:<br>(i) преступлений по Уклонению от уплаты налогов, путем сознательной вовлеченности в действия или непосредственного совершения действий в целях мошеннического уклонения от уплаты налогов другим лицом;<br>(ii) преступлений, заключающихся в пособничестве, подстрекательстве, консультировании в отношении Уклонения от уплаты налогов или обеспечении Уклонения от уплаты налогов; и<br>(iii) преступлений, путем вовлеченности или соучастия в совершении преступления, состоящего в том, что какое-либо лицо сознательно совершает или предпринимает шаги в целях мошеннического уклонения от уплаты налогов (в совокупности - «Содействие уклонению от уплаты налогов»);<br>(d) Такая Сторона обязуется незамедлительно известить другую Сторону в письменном виде, в случае если:<br>(i) такой Стороне станет известно, что она или любое из ее Связанных лиц совершило преступление по Уклонению от уплаты налогов или по Содействию уклонению от уплаты налогов (вместе - «Преступления»); и<br>(ii) такая Сторона или любое из ее Связанных лиц становится объектом любого расследования, разбирательства или исполнительного производства, | **4.13. САЛЫҚ ЗАҢНАМАСЫН САҚТАУ ЖӘНЕ САЛЫҚ ТӨЛЕУДЕН ЖАЛТАРУҒА ҚАРСЫ ӘРЕКЕТ ЕТУ**<br>4.13.1. Тараптардың әрқайсысы куәландырады және кепілдік береді:<br>(a) мұндай Тарап өзінің Байланысты тұлғаларымен бірлесіп салық салу туралы барлық қолданылатын заңдардың ережелерін толық түсінеді және ұғынады, соның ішінде, мұнымен шектелмей, осы немесе өзге уақытта осы заңның кез-келген өзгертулері мен толықтыруларын, аталған заңды және осы заңнан шығатын кез-келген міндеттемелерді (жиынтықта – «Салық салу туралы заңдар») іске асыруға қабылданған заң күшіндегі нормативтік-құқықтық актілерді ескеріп, «Қаржылық қылмыстар туралы» 2017 жылғы Біріккен Корольдіктің заңы;<br>(b) мұндай Тарап өзінің Байланысты тұлғаларымен бірлесіп жасамаған және жасамайды:<br>(i) мемлекеттік кіріске қатысты айлакерлікпен болатын қылмыстар; және<br>(ii) салық төлеуден жалтару мақсатында әрекеттерді тікелей жасаудан немесе әрекеттерге саналы еліктіргендіктен болған қылмыстар (жиынтықта – «Салық төлеуден жалтару»);<br>(c) мұндай Тарап өзінің Байланысты тұлғаларымен бірлесіп жасамаған және жасамайды:<br>(i) басқа тұлғамен салық төлеуден айлакерлік жалтару мақсатында әрекеттерді тікелей жасау немесе әрекеттерге саналы еліктіргендік жолымен салық төлеуден Жалтару бойынша қылмыстар;<br>(ii) салық төлеуден Жалтаруды қамтамасыз етуден немесе салық төлеуден Жалтаруға қатысты қылмысқа итермелеуден, арандатушылықтан, кеңес беруден болған қылмыстар; және<br>(iii) салық төлеуден айлакерлік жалтару мақсатында қандай болсын тұлға саналы түрде қадамдар жасайтын немесе әрекет ететін қылмыс жасауға еліктіргендік немесе қатысушылық жолымен болған қылмыстар (жиынтықта – «Салық төлеуден жалтаруға көмектесу»);<br>(d) мұндай Тарап келесі жағдайда жазбаша түрде екінші Тарапқа жедел хабарлауы тиіс:<br>(i) мұндай Тарапқа оның немесе оның Байланысты тұлғаларының кез-келгенінің салық төлеуден жалтаруға Көмектесу бойынша немесе салық төлеуден Жалтару бойынша қылмыс жасағаны мәлім болса (бірге – «Қылмыстар»); және<br>(ii) мұндай Тарап немесе оның Байланысты тұлғаларының кез-келгені кез-келген Қылмысқа қатысты кез-келген үкіметтік, әкімшілік немесе реттеуші органның жүзеге асыратын кез-келген тергеу, |

| | |
|---|---|
| осуществляемого любым правительственным, административным или регулирующим органом в отношении любого Преступления, или существует угроза любого такого расследования или ожидается любое такое расследование, а также сотрудничать с другой Стороной по любым внутренним проверкам или официальным расследованиям, проводимым другой Стороной по таким вопросам; и<br>(e) у такой Стороны внедрены основанные на оценке риска достаточные и эффективные внутренние процедуры (включая, без ограничения, соответствующие политики, процедуры утверждения, обучение и мониторинг), обеспечивающие соблюдение ее Связанными лицами Законов о налогообложении и предотвращающие совершение Преступлений.<br>4.13.2. Стороны соглашаются, что их бухгалтерские книги, записи и счета должны точно отражать все обязательства по налогам, сборам и платежам в отношении транзакций по настоящему Договору.<br><br>4.13.3. Каждая Сторона соглашается с тем, что она не совершит каких-либо действий, которые приведут к совершению Преступлений другой Стороной, а также обязуется возместить другой Стороне любые штрафные санкции, убытки, издержки (включая, без ограничений, судебные издержки) и прочие расходы, понесенные другой Стороной в результате любого из Преступлений, совершенных вовлеченной Стороной или любым из ее Связанных лиц.<br>4.13.4. Несоблюдение любой из Сторон какой-либо части данного раздела представляет собой существенное нарушение настоящего Договора, позволяющее другой Стороне немедленно расторгнуть Договор и/или отказаться от него. Покупатель оставляет за собой право отказать в размещении заказа или в его выполнении, отменить любой заказ по своему собственному усмотрению и отказаться от совершения любых выплат по настоящему Договору, если Покупатель сочтет, что другая Сторона нарушила какую-либо часть настоящего раздела. | істі қарау немесе атқару өндірісі нысаны болса, немесе кез-келген мұндай тергеу қаупі болса немесе кез-келген мұндай тергеу күтілсе, сондай-ақ мұндай мәселелер бойынша екінші Тараппен жүргізілетін кез-келген ішкі тексерулер немесе ресми тергеулер бойынша екінші Тараппен бірге қызмет жасауы тиіс; және<br><br>(e) мұндай Тарапта Қылмыстар жасауды болдырмайтын және Салық салу туралы заңдарды оның Байланысты тұлғаларымен сақтауды қамтамасыз ететін, тәуекелді бағалауға негізделген жеткілікті және тиімді ішкі рәсімдер (мұнымен шектелмей, сәйкес саясаттарды, бекіту рәсімдерін, оқытуды және мониторингті қоса) енгізілген.<br><br>4.13.2. Тараптар олардың бухгалтерлік кітаптары, жазбалары және шоттары осы Шарт бойынша транзакцияларға қатысты салықтар, алымдар және төлемдер бойынша барлық міндеттемелерді нақты көрсетуі тиіс екеніне келіседі.<br>4.13.3. Әрбір Тарап екінші Тараппен Қылмыстар жасауға әкелетін қандай болсын әрекеттер жасамайтынымен келіседі, сондай-ақ тартылған Тараппен немесе оның Байланысты тұлғаларының кез-келгенімен жасалған кез-келген Қылмыстар нәтижесінде екінші Тарап артқан кез-келген айыппұл санкцияларын, залалдарды, ұсталымдарды (шектеусіз сот ұсталымдарын қоса) және өзге шығындарды екінші Тарапқа өтеуге міндеттенеді.<br>4.13.4. Кез келген Тараптың осы бөлімнің қандай да бір бөлімін сақтамауы екінші Тарапқа Шартты дереу бұзуға және/немесе одан бас тартуға мүмкіндік беретін осы Шартты айтарлықтай бұзу болып табылады. Егер Сатып алушы екінші Тарап осы бөлімнің қандай да бір бөлігін бұзды деп есептесе, Сатып алушы өзіне тапсырысты орналастырудан немесе оны орындаудан бас тарту, өзінің қарауы бойынша кез келген тапсырысты жою және осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді жасаудан бас тарту құқығын қалдырады. |
| **4.14. ОТВЕТСТВЕННОСТЬ**<br>4.14.1. В случае если Продавец отказывается от поставки Товара полностью или частично и/или полная поставка Товара не осуществлена в течение 30 (тридцати) календарных дней с первого дня просрочки, Поставщик вправе предъявить, а Продавец обязуется уплатить Покупателю штраф в размере 20 (двадцать) % от общей суммы Договора.<br>4.14.2. Если иное не предусмотрено в Приложении 1 к Договору, за нарушение сроков поставки Товара, Покупатель вправе предъявить, а Продавец обязуется уплатить Покупателю неустойку в размере 0,1 % от стоимости несвоевременно поставленной партии Товара за каждый день просрочки, но не более 10 (десяти) % от стоимости несвоевременно поставленной партии Товара.<br><br>4.14.3. В случае несвоевременной оплаты по вине Покупателя, Продавец вправе предъявить, а Покупатель обязуется уплатить Продавцу исключительную неустойку (но не убытки) в размере 0,1 % от суммы просроченного платежа за каждый день просрочки, но не более 10 (десяти) % суммы просроченного платежа. При этом никакую другую ответственность (в том числе уплата штрафных санкций, законной неустойки, неустойки, пени, убытков, упущенной выгоды, морального вреда, индексации суммы долга по ГПК РК и др.) за нарушение срока оплаты Покупатель не несет.<br><br>4.14.4. В случае поставки некачественного, некомплектного Товара или Товара с недостачей Покупатель вправе потребовать от Продавца (заявить претензию по качеству и/или количеству и/или комплектности) произвести замену дефектного Товара, укомплектовать либо допоставить Товар. Продавец обязан осуществить такие действия своими силами, за свой счёт в течение 15 рабочих дней после получения соответствующей претензии от Покупателя, в противном случае к Продавцу применяются санкции, предусмотренные в пункте 4.14.2.<br>4.14.5. За поставку некачественного товара и/или некомплектного Товара, Покупатель вправе выставить Продавцу штраф в размере 20 % от установленной Договором стоимости | **4.14. ЖАУАПКЕРШІЛІК**<br>4.14.1. Егер Сатушы Тауарды толық немесе ішінара жеткізуден бас тартса және/немесе Тауарды толық жеткізу мерзімінен кешіктірілген алғашқы күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылмаса, Жеткізуші талап қоюға, ал Сатушы Сатып алушыға Шарттың жалпы сомасының 20 (жиырма) % мөлшерінде айыппұл төлеуге міндеттенеді.<br>4.14.2. Егер Шарттың 1-қосымшасында басқасы көзделмесе, Тауарды жеткізу мерзімдерін бұзғаны үшін Сатып алушы талап қоюға құқылы, ал Сатушы Сатып алушыға мерзімі кешіктірілген әрбір күн үшін уақытылы жеткізілмеген тауар партиясы құнының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ уақытылы жеткізілмеген тауар партиясы құнының 10 (он) %-нан аспайтын тұрақсыздық айыбын төлеуге міндеттенеді.<br>4.14.3. Сатып алушының кінәсінен уақытылы төленбеген жағдайда Сатушы Сатып алушыға мерзімі кешіктірілген әрбір күн үшін мерзімі өткен төлем сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ мерзімі кешіктірілген төлем сомасының 10 (он) %-нан аспайтын айрықша тұрақсыздық айыбын (бірақ залал емес) төлеуге міндеттенеді. Мұндай жағдайда, Сатып алушы төлеу мерзімін бұзғаны (оның ішінде, айыппұл санкцияларын, заңды тұрақсыздық айыбын, тұрақсыздық айыбын, өсімпұл, жоғалтулар, жоғалған пайда, моральдық залал, ҚР АПК бойынша қарыз сомасының индексациясы, және т.б.) үшін қандай да бір басқа жауапкершілік жүктемейді.<br>4.14.4. Егер де Тауар сапасыз, жинақталмаған немесе түгел емес болса, онда Сатып алушы Сатушыдан ақаулы Тауарды ауыстыруға, жинақтауға немесе қосымша жеткізуді талап етуге (сапасы және/немесе мөлшері және/немесе жинақтығы бойынша талап арыз беруге) құқылы. Сатушы мұндай әрекеттерді өз күшімен және өз есебінен, Сатып алушыдан тиісті талап арызды алған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде Сатып алушыдан, кері жағдайда Сатушыға 4.14.2-тармақпен көзделген санкциялар қолданылады.<br>4.14.5. Сапасыз және/немесе жинақталмаған Тауарды жеткізгені үшін Сатып алушы Сатушыға Шартпен белгіленген ақаулы және/немесе жинақталмаған Тауардың құнынан 20 % мөлшерінде айыппұл ұсынуға, сонымен қатар осы фактімен келтірілген барлық залалды төлетуге құқылы. |

| | |
|---|---|
| Товара, оказавшегося дефектным и/или некомплектным, а также стоимость всех причинённых этим фактом убытков.<br>4.14.6. В случае поставки некачественного, некомплектного Товара или Товара с недостачей, Покупатель вправе выставить счёт Продавцу по затратам за ответственное хранение, поставленного Товара на склад, из расчета 200,00 (двести) тенге за один квадратный метр с учётом НДС в сутки. Начальной датой начисления штрафа за ответственное хранение является дата оформления «Акта о несоответствии товара».<br>4.14.7. Уплата неустойки (пени, штрафов), а также возмещение убытков не освобождает Стороны от исполнения обязательств по настоящему Договору в натуре.<br>4.14.8. Продавец не несет ответственность за неисправности, возникшие из-за несоблюдения Покупателем правил эксплуатации Товара.<br>4.14.9. Продавец несет ответственность за неисполнение и (или) ненадлежащее исполнение обязанностей, предусмотренных пунктом 4.4.19 настоящего Договора, Покупатель вправе предъявить, а Продавец обязан оплатить все причинённые убытки, включая оплату суммы административного штрафа и (или) пени, начисленной в соответствии с налоговым законодательством Республики Казахстан на Покупателя. | 4.14.6. Егер де сапасыз, жинақталмаған немесе түгел емес Тауар жеткізілген болса, онда Сатып алушы Сатушыға қоймаға жеткізілген Тауарды жауапты сақтау шығындары бойынша күніне ҚҚС қосқанда әрбір шаршы метр үшін 200,00 (екі жүз) теңге есебінде шот ұсынуға құқылы. Жауапты сақтау үшін айыппұл есептеудің бастапқы күні «Тауардың сәйкессіздігі туралы актіні» ресімдеу күні болып табылады.<br>4.14.7. Тұрақсыздық айыбын (өсімпұл, айыппұлдарды) төлеу, сонымен қатар залалды өтеу Тараптарды осы Шарт бойынша міндеттемелерді нақты орындаудан босатпайды.<br>4.14.8. Сатып алушымен Тауарды пайдалану ережелерін сақтамаудан туындаған ақаулар үшін Сатушы жауапкершілік көтермейді.<br>4.14.9. Сатушы осы Шарттың 4.4.19-тармағында көрсетілген міндеттемелерді орындамағаны және (немесе) дұрыс орындамағаны үшін жауапты, Сатып алушы шағымдануға құқылы, ал Сатушы Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес Сатып алушыға тағайындалаған әкімшілік айыппұлды қоса алғандағы барлық шығындарды өтеуге міндетті. |
| **4.15. ПРИМЕНИМОЕ ПРАВО И ЯЗЫК**<br>4.15.1. Настоящий Договор толкуется и регулируется в соответствии с законодательством Республики Казахстан.<br>4.15.2. Настоящий Договор составлен на русском и казахском языках, в двух экземплярах, имеющих одинаковую юридическую силу, из которых один экземпляр передаётся Покупателю, один экземпляр Продавцу. Текст договора на казахском языке превалирует.<br>4.15.3. В случае противоречий условий Инкотермс 2010, условиям настоящего Договора, условия Договора имеют преимущественную силу. | **4.15. ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТІЛ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ**<br>4.15.1. Осы Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сай түсіндіріледі және реттеледі.<br>4.15.2. Осы Шарт орыс және қазақ тілдерінде екі данада жасалған. Олардың заңды күші бірдей. Бір данасы Сатып алушыға, бір данасы Сатушыға беріледі. Шарттың қазақ тіліндегі нұсқасы басым болады.<br><br>4.15.3. Инкотермс 2010 талаптары осы Шарттың талаптарына қайшы болған жағдайда Шарттың талаптары басым болады. |
| **4.16. РАЗРЕШЕНИЕ СПОРОВ**<br><br>4.16.1. В случае возникновения споров и разногласий между Сторонами, которые могут возникнуть по настоящему Договору или иметь к нему отношение, Стороны предпримут попытки решить их путем переговоров.<br>4.16.2. Любая из Сторон вправе направить другой Стороне претензию, которая должна быть рассмотрена Стороной, получившей претензию, в течение одного месяца с момента получения претензии, если иной срок не указан в претензии.<br>4.16.3. В случае не достижения компромисса между Сторонами все споры и разногласия, возникающие из настоящего Договора или связанные с ним, подлежат разрешению в Специализированном межрайонном экономическом суде города Алматы.<br>4.16.4. Стороны согласны с тем, что для разрешения таких споров будет применяться материальное и процессуальное право Республики Казахстан. | **4.16. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ**<br>4.16.1. Тараптар арасында осы Шарт бойынша туындауы немесе оған қатысты болуы мүмкін даулар мен келіспеушіліктер орын алған жағдайда, Тараптар оларды келіссөз арқылы шешу әрекетін қабылдайды.<br>4.16.2. Кез келген Тарап басқа Тарапқа наразылық жіберуге құқылы, егер наразылықта басқа мерзім көрсетілмесе, наразылықты алған Тарап оны алған сәттен бастап бір айдың ішінде қарастыруы тиіс.<br>4.16.3. Тараптар арасында бітімгершілікке қолжеткізілмеген жағдайда, осы Шарттан туындайтын немесе оған қатысты барлық даулар мен келіспеушіліктер Алматы қ. Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында шешілуге жатады.<br>4.16.4. Тараптар мұндай дауларды шешу үшін Қазақстан Республикасының материалдық және процессуалдық құқығы қолданылатынымен келіседі. |
| **4.17. ФОРС-МАЖОР**<br>4.17.1. В случае наступления после заключения Сторонами настоящего Договора обстоятельств, при которых объективно невозможно для Стороны исполнить настоящий Договор по независящим от ее воли причинам (обстоятельства форс-мажор), срок исполнения обязательств по настоящему Договору отодвигается соразмерно времени, в течение которого такие обстоятельства действуют, но не более 45 (сорока пяти) дней. В противном случае любая из Сторон имеет право расторгнуть Договор и/или отказаться от его исполнения, предварительно письменно уведомив об этом другую Сторону.<br>4.17.2. Документами, подтверждающими факт свершения обстоятельств форс-мажор, являются соответствующие документы (справки, акты и т.п.), выданные уполномоченным на то государственным органом или организацией Республики Казахстан, где обстоятельства форс-мажора имели место. Сторона, исполнению обязательств которой препятствуют обстоятельства форс-мажора, обязана в течение 10 (десяти) календарных дней с момента свершения таких обстоятельств предоставить такие документы другой Стороне. Несвоевременное уведомление о наступлении обстоятельств форс-мажора лишает Сторону права ссылаться на любое обстоятельство форс-мажор как на основание, освобождающее от | **4.17. ФОРС-МАЖОР**<br>4.17.1. Тараптар осы Шартты жасасқаннан кейін, Тарап үшін өзіне қатысты емес себептерге байланысты осы Шартты орындау шынымен мүмкін болмаған жағдайлар (форс-мажор жағдайлары) туындаса, осы Шартқа сәйкес міндеттемелерді орындау мерзімі мұндай жағдайлар орын алып тұрған мерзімге сәйкес ұзартылады, бірақ 45 (қырық бес) күннен аспауы тиіс. Әйтпесе, кез келген Тарап екінші Тарапқа бұл туралы алдын ала жазбаша хабарлама бере отырып, Шартты бұзуға және/немесе оны орындаудан бас тартуға құқылы.<br><br>4.17.2. Форс-мажор жағдайларының орын алуын дәлелдейтін құжаттар дегеніміз — форс-мажор орын алған жерде мұндай құжаттарды шығаруға уәкілетті Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы немесе ұйымы шығарған тиісті құжаттар (анықтамалар, актілер және т.б.). Міндеттемелерін орындауға форс-мажор жағдайлары кедергі жасаған Тарап мұндай жағдайлар пайда болған сәттен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде екінші Тарапқа мұндай құжаттарды беруі тиіс. Форс-мажор жағдайы орын алғаны туралы уақытында хабарланбаса, Тарап Шартқа сәйкес міндеттемелерін орындамау жауапкершілігінен босататын негіз ретінде форс-мажор жағдайларына сілтеме жасау құқығынан айырылады. |

| | |
|---|---|
| ответственности за неисполнение своих обязательств по Договору. | |
| **4.18. ПОЛОЖЕНИЯ О ПРОТИВОДЕЙСТВИИ ВЗЯТОЧНИЧЕСТВУ И КОРРУПЦИИ**<br>4.18.1. Каждая Сторона (данный термин для целей настоящих положений включает всех работников, агентов, представителей, аффилированных лиц каждой из Сторон, а также других лиц, привлекаемых ими или действующих от их имени) соглашается, что она не будет в связи с товарами (работами, услугами), поставляемыми (оказываемыми) по настоящему Договору, давать или пытаться давать взятки (включая, без ограничения, любые формы оплаты, подарки и прочие имущественные выгоды, вознаграждения и льготы (в виде денег или любых ценностей) другой Стороне, ее работникам, агентам, представителям, потенциальным клиентам, аффилированным лицам, а также другим лицам, привлекаемым другой Стороной или действующим от ее имени, государственным служащим, межправительственным организациям, политическим партиям, частным лицам и прочим сторонам (**«Вовлеченные стороны»**).<br>4.18.2. Каждая Сторона заявляет и гарантирует другой Стороне, что до даты настоящего Договора она не давала и не пыталась давать взятки Вовлеченным сторонам с целью установления и (или) продления каких-либо деловых отношений с другой Стороной в связи с настоящим Договором, а также что она не является предметом какого-либо расследования органом правопорядка, или стороной какого-либо фактического или потенциального судебного разбирательства, в обоих случаях в связи с необоснованными обвинениями во взяточничестве.<br>4.18.3. Каждая Сторона признает и соглашается с тем, что она ознакомилась с законами против взяточничества и отмывания денег всех стран, в которых она учреждена или зарегистрирована и в которых она осуществляет свою деятельность, и будет соблюдать указанные законы.<br>4.18.4. Каждая из Сторон соглашается с тем, что она не будет совершать и не допустит со своего ведома совершения каких-либо действий, которые приведут к нарушению другой Стороной применимых законов против взяточничества или отмывания денег.<br>4.18.5. Стороны соглашаются с тем, что их бухгалтерская документация должна точно отражать все платежи, осуществляемые по настоящему Договору.<br>4.18.6. Если одной из Сторон станет известно о фактическом или предположительном нарушении ею какого-либо из настоящих положений о противодействии взяточничеству и коррупции, она должна немедленно поставить об этом в известность другую Сторону и оказать ей содействие в расследовании, проводимому по данному делу.<br>4.18.7. Стороны соглашаются принять меры по разработке для своих сотрудников и в дальнейшем следовать политикам и процедурам по борьбе с коррупцией, необходимым для предотвращения фактов взяточничества или попыток дачи взяток.<br>14.18.8. Каждая Сторона обязуется обеспечить выполнение своими подрядчиками, консультантами, агентами, дистрибьюторами и другими лицами, предоставляющими услуги от ее имени по настоящему Договору, процедур по предотвращению фактов взяточничества или попыток дачи взяток.<br>4.18.9. Стороны соглашаются, что в дополнение к правам на расторжение и/или отказ от исполнения, предусмотренным другими положениями настоящего Договора, не нарушающая Сторона имеет право немедленно расторгнуть настоящий Договор или отказаться от его исполнения в случае нарушения другой Стороной настоящих положений о противодействии взяточничеству и коррупции, и при этом другая Сторона не вправе требовать какие-либо дополнительные платежи в рамках настоящего Договора, кроме платежей за услуги, оказанные по настоящему Договору до его расторжения, и которые не связаны с нарушением настоящих положений о противодействии взяточничеству и коррупции.<br>4.18.10. Стороны соглашаются, что KAZ Minerals освобождается от обязательств по осуществлению каких-либо платежей, которые могут причитаться другой Стороне по настоящему Договору, если такие платежи связаны с транзакцией, в отношении которой такая другая Сторона допустила нарушение | **4.18. ПАРАҚОРЛЫҚ МЕН ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ТҰРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕЛЕР**<br>4.18.1. Әр Тарап (бұл термин осы ережелердің мақсаттары үшін барлық қызметкерлерді, агенттерді, өкілдерді, әр Тараптың үлестес тұлғаларын, сондай-ақ олар тартатын немесе олардың атынан әрекет ететін өзге тұлғаларды қамтиды) осы Келісім бойынша жеткізілетін (орындалатын, көрсетілетін) тауарлармен (жұмыстармен, қызметтермен) байланысты басқа Тарапқа, оның қызметкерлеріне, агенттеріне, өкілдеріне, әлеуетті клиенттеріне, үлестес тұлғаларына, сондай-ақ басқа Тарап тартатын немесе оның атынан әрекет ететін өзге тұлғаларға, мемлекеттік қызметкерлерге, үкіметаралық ұйымдарға, саяси партияларға, жеке тұлғалар мен өзге тараптарға **(«Тартылған тараптар»)** пара (шектеусіз кез келген төлем түрлерін, сыйлықтар мен өзге де мүліктік пайдаларды, сыйақылар мен жеңілдіктерді (ақшалай немесе кез келген құндылықтар түріндегі) қоса алғанда) бермеуге және беруге тырыспауға келіседі.<br>4.18.2. Әр Тарап басқа Тарапқа Келісімді жасау күніне дейін осы Келісіммен байланысты басқа Тараппен қандай да бір іскерлік қарым-қатынастарды орнату және (немесе) ұзарту мақсатында Тартылған тараптарға пара бермегені және беруге тырыспағаны туралы, сонымен қатар пара алу бойынша негізсіз айып тағумен байланысты құқық тәртібі органының қандай да бір тергеуінің пәні немесе қандай да бір нақты немесе әлеуетті сот қарауының тарабы емес екені туралы мәлімдейді және оған кепілдік береді.<br>4.18.3. Әр Тарап өзі құрылған немесе тіркелген және өз қызметін жүзеге асыратын барлық елдердің парақорлыққа және ақшаның жылыстауға қарсы заңдарымен танысқанын мойындайды және аталмыш заңдарды сақтауға келіседі.<br>4.18.4. Әр Тарап қолданыстағы парақорлық пен ақшаны жылыстауға қарсы заңдардың бұзуына әкеп соғатын қандай да бір әрекеттерді жасамауға және басқа Тараптың жасауына жол бермейтініне келіседі.<br>4.18.5. Тараптар олардың бухгалтерлік құжаттамасы осы Келісім бойынша жасалатын барлық төлемдерді нақты көрсетуі тиіс екенімен келіседі.<br>4.18.6. Егер Тараптардың біреуіне өздерінің парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету туралы ережелердің қайсыбірін іс жүзінде немесе болжалды бұзғаны туралы белгілі болса, ол кідірместен бұл жайында басқа Тарапқа хабарлап, осы іс бойынша тергеу амалдарын жүргізуге көмек беруі тиіс.<br>4.18.7. Тараптар өз қызметкерлері үшін парақорлық немесе пара беру әрекеті фактілерінің алдын алуға қажетті сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша саясаттар мен рәсімдер жасауға және оларды сақтауға келіседі.<br>4.18.8. Әр Тарап өз мердігерлерінің, кеңесшілерінің, агенттері мен дистрибьюторларының осы Келісім бойынша оның атынан қызмет көрсететін өзге тұлғалардың парақорлық немесе пара беру әрекеті фактілерінің алдын алу бойынша рәсімдерді орындауын қамтамасыз етуге міндеттенеді.<br>4.18.9. Тараптар осы Шарттың басқа ережелерінде көзделген бұзу және/немесе орындаудан бас тарту құқығына қосымша ретінде бұзбаған Тарап екінші Тарап парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету туралы осы ережелерді бұзған жағдайда шұғыл түрде осы Шартты бұзуға немесе оны орындаудан бас тартуға құқылы екенімен келіседі, және бұл жағдайда басқа Тарап парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету туралы осы ережелерді бұзумен байланысты емес, осы Шарт бойынша ол бұзылғанға дейін көрсетілген және осы парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ережелерді бұзумен байланысты емес қызметтерді қоспағанда, осы Шарт аясында қандай да бір қосымша төлемдер талап етуге құқығы жоқ.<br>4.18.10. Тараптар осы Келісім бойынша басқа Тарапқа тиесілі болуы мүмкін қандай да бір төлемдер транзакциямен байланысты болып, басқа Тарап осы транзакцияға қатысты парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету туралы ережелерді бұзуға жол берген болса, KAZ Minerals қандай да бір төлем жасау міндеттемелерінен босатынымен келіседі. |

| | |
|---|---|
| настоящих положений о противодействии взяточничеству и коррупции. | |
| **4.19. НАЛОГИ**<br>4.19.1. Продавец несет ответственность и должен своевременно выплачивать все налоги, налагаемые на Продавца или его сотрудников в отношении настоящего Договора. В случае если в соответствии с законодательством Республики Казахстан Покупатель обязан удерживать какие-то налоги, то Покупатель вычитает соответствующие налоги из Цены, причитающейся Продавцу.<br>4.19.2. Продавец обязан отражать все обороты по реализации Товаров Покупателю в своей налоговой отчетности по НДС в срок, установленный Налоговым Кодексом Республики Казахстан для представления в налоговый орган декларации по НДС, с учетом периода продления в соответствии с подпунктами 2,3) пункта 3 статьи 212 Налогового Кодекса Республики Казахстан.<br><br>В случае если при проведении налоговой проверки по подтверждению достоверности суммы превышения НДС, предъявленного к возврату налоговыми органами будет установлен факт сокрытия Продавцом (или субпоставщиками Продавца) или некорректного отражения оборотов по реализации в адрес Покупателя (или субпоставщиками Продавца в адрес Продавца), Продавец обязан по требованию Покупателя в 1,5-кратном размере возместить Покупателю суммы НДС, исключенные из возврата в соответствии с пунктами 8, 9, 10, 12 статьи 152 Налогового Кодекса Республики Казахстан.<br>При этом, основанием, свидетельствующем о неисполнении Продавцом своих обязательств по декларированию сумм НДС, служат акты документальных налоговых проверок по подтверждению достоверности суммы превышения НДС, предъявленного к возврату.<br>4.19.3. В случае, если сумма НДС была ранее возвращена из бюджета Республики Казахстан, но не подтверждена в последующем по результатам налогового контроля Республики Казахстан (т.е. Продавец аннулировал, отозвал ранее выписанные электронные счета-фактуры), Продавец обязан по требованию Покупателя возместить сумму НДС и сумму пени за каждый календарный день с даты возврата из бюджета в размере, указанном в пункте 4 статьи 104 Налогового Кодекса Республики Казахстан.<br>4.19.4. Продавец заверяет и гарантирует, что:<br>4.19.4.1. Он и/или его контрагенты (подрядчики, поставщики), привлеченные для исполнения настоящего Договора, не включены / не будут включены в списки неблагонадежных налогоплательщиков, размещенные на сайте Комитета государственных доходов Министерства финансов Республики Казахстан (в том числе лжепредприятия, налогоплательщики, регистрация (перерегистрация) которых признана недействительной, бездействующие налогоплательщики, банкроты, налогоплательщики, отсутствующие по юридическому адресу и т.д.);<br>4.19.4.2. Он и/или его контрагенты (подрядчики, поставщики), привлеченные для исполнения настоящего Договора, не находятся на стадии ликвидации;<br>4.19.4.3. Им и (или) его контрагентами (подрядчиками, поставщиками), привлеченными для исполнения настоящего Договора, не совершены / не будут совершены действия, в том числе связанные с неправомерной деятельностью и (или) приведшие к отнесению его (их) к категории налогоплательщиков с высокой степенью риска (в том числе на основании системы управления рисками, основанной на анализе данных по приобретённым и реализованным товарам, работам и услугам), в результате которых возникли или могут возникнуть претензии налоговых органов к компании Группы KAZ Minerals по настоящему Договору, и которые могут оказать влияние на налоговые обязательства компании Группы KAZ Minerals по настоящему Договору;<br>4.19.4.4. Он и/или его контрагенты (подрядчики, поставщики), привлеченные для исполнения настоящего Договора, не включены / не будут включены в список налогоплательщиков, по которым приостановлена выписка электронных счетов-фактур, размещенный на сайте Комитета государственных доходов Министерства финансов Республики Казахстан; | **4.19. САЛЫҚТАР**<br>4.19.1. Сатушы осы Шарт бойынша Сатушыға немесе оның қызметкерлеріне салынатын барлық салықтарды уақытында төлеуге міндетті және оған жауапты. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сатып алушы қандай да бір салықтарды ұстауы талап етілсе, Сатып алушы тиісті салықтарды Сатушыға тиесілі Бағадан ұстайды.<br><br>4.19.2. Сатушы Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 212 бабының 3-тармағының 2, 3 тармақшаларына сәйкес ұзарту кезеңін ескере отырып, ҚҚС бойынша декларацияны салық органына беру үшін ҚҚС бойынша өзінің салық жөніндегі есептілігінде Тауарларды Сатып алушыға сату бойынша жүргізілген барлық айналымдарды Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген мерзімде көрсетуге міндетті.<br>Егер қайтаруға қойылған ҚҚС сомасынан асатын ақша сомасының дұрыстығын растау бойынша салық тексерісін жүргізу кезінде салық органдары Сатушының (немесе Сатушының қосалқы жеткізушілерінің) жасырғанын немесе Сатып алушының (немесе Сатушының атына Сатушының қосалқы жеткізушілерінің) атына сату бойынша айналымдарды дұрыс көрсетпеу фактісін анықтаған жағдайда, Сатушы Сатып алушының талап етуі бойынша Салық кодексінің 152-бабының 8, 9, 10, 12-тармақтарына сәйкес қайтарудан шығарылған ҚҚС сомасын Сатып алушыға 1,5 еселенген мөлшерде өтеуге міндетті. Бұл ретте Сатушының ҚҚС сомаларын мағлұмдау бойынша өзінің міндеттемелерін орындамауын куәландыратын негіздеме – қайтаруға қойылған ҚҚС сомасынан асатын ақша сомасының дұрыстығын растау бойынша құжаттық салықтық тексеру актілері болып табылады.<br>4.19.3. Егер ҚҚС сомасы бұрын Қазақстан Республикасының бюджетінен қайтарылса, бірақ кейіннен Қазақстан Республикасының салықтық бақылау нәтижелері бойынша расталмаса (яғни Сатушы бұрын жазылған электронды шот-фактуралардың күшін жойса, қайтарып алса), Сатушы Сатып алушының талабы бойынша Қазақстан Республикасының Салық Кодексінің 104 бабы 4-тармағында көрсетілген көлемде бюджеттен қайтарып алған күннен бастап әр күнтізбелік күнге ҚҚС сомасын және өсімпұл сомасын өтеуге міндетті.<br>4.19.4. Сатушы келесі көрсетілгендерді куәландырады және кепілдік береді:<br>4.19.4.1. Осы шартты орындау үшін тартылған ол және/немесе оның контрагенттері (мердігерлері, жеткізушілері) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің сайтында орналастырылған сенімсіз салық төлеушілердің (оның ішінде тіркелуі (қайта тіркелуі) жарамсыз деп танылған жалған кәсіпорындар, салық төлеушілер, іс-әрекет етпейтін салық төлеушілер, банкроттар, заңды мекенжайы бойынша орналаспаған салық төлеушілер және т. б.) тізіміне енгізілмегеніне / енгізілмейтініне;<br>4.19.4.2. Осы шартты орындау үшін тартылған ол және/немесе оның контрагенттері (мердігерлері, жеткізушілері) жойылу кезеңінде емес екеніне;<br>4.19.4.3. Осы шартты орындау үшін тартылған ол және/немесе оның контрагенттерінің (мердігерлерінің, жеткізушілерінің) соның ішінде заңсыз қызметпен байланысты және (немесе) оны (оларды) тәуекел дәрежесі жоғары салық төлеушілер санатына жатқызуға әкеп соқтырған (оның ішінде сатып алынған және өткізілген тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер бойынша деректерді талдауға негізделген тәуекелдерді басқару жүйесінің негізінде), нәтижесінде салық органдарының осы шарт бойынша KAZ Minerals Тобының компаниясына талаптары туындаған немесе туындауы мүмкін және осы шарт бойынша KAZ Minerals Тобының компаниясының салық міндеттемелеріне ықпал етуі мүмкін әрекеттер жасамағанына / жасамайтынына ;<br>4.19.4.4. Осы шартты орындау үшін тартылған ол және/немесе оның контрагенттері (мердігерлері, жеткізушілері) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің сайтында орналастырылған электрондық шот-фактураларды ұсынуы тоқтатыла тұрған салық төлеушілердің тізіміне енгізілмегеніне / енгізілмейтініне;<br>4.19.4.5. Осы шартты орындау үшін тартылған ол және/немесе оның контрагенттері (мердігерлері, жеткізушілері) Қазақстан |

| | |
|---|---|
| 4.19.4.5. Он и/или его контрагенты (подрядчики, поставщики), привлеченные для исполнения настоящего Договора, не включены / не будут включены в списки налогоплательщиков, по которым возвращены уведомления налоговых органов, размещенные на сайте Комитета государственных доходов Министерства финансов Республики Казахстан;<br>4.19.4.6. Им и (или) его контрагентами (подрядчиками, поставщиками) не совершены / не будут совершены:<br>(i) сделки, признанные судом недействительными, и (или)<br>(ii) действия по выписке счета-фактуры и (или) иного документа без фактического выполнения работ, оказания услуг, отгрузки товаров, признанные таковыми вступившим в законную силу судебным актом, и (или)<br>(iii) операции без фактического выполнения работ, оказания услуг отгрузки товаров с налогоплательщиком, руководитель и (или) учредитель (участник) которого не причастен к регистрации (перерегистрации) и (или) осуществлению финансово-хозяйственной деятельности такого юридического лица, установленные вступившим в законную силу решением суда.<br>4.19.5. Продавец гарантирует легальность происхождения товара и обязуется предоставить Покупателю по требованию документы, подтверждающие происхождение поставляемого товара (декларацию на товары, Заявление об уплате косвенных налогов по форме 328.00, договор с контрагентами, привлеченными для исполнения настоящего Договора.<br>4.19.6. Продавец представляет документы, подтверждающие наличие трудовых и материальных ресурсов, соответствующих лицензий и разрешений, производственных мощностей (складских помещений, транспортных средств), необходимых для поставки Товаров и сведения о местонахождении его складских и/или производственных площадей.<br>4.19.7. Продавец при реализации товара соблюдает требования налогового законодательства Республики Казахстан в части обязательного оформления электронных сопроводительных накладных на товары.<br>4.19.8. Продавец в случае нарушения и/или в случае если к Покупателю будут предъявлены какие-либо требования со стороны государственных, в том числе налоговых органов, которые могут привести к дополнительным начислениям налогов, в связи с нарушением вышеуказанных заверений и гарантий, обязуется возместить Покупателю любые штрафные санкции, убытки, издержки (включая, без ограничений, судебные издержки) и прочие расходы, связанные с данными нарушениями.<br>4.19.9. Стороны договорились и согласились, что в дополнение к правам на односторонний отказ от исполнения договора (отказ от договора) Покупатель вправе в любое время отказаться от исполнения настоящего Договора в случае нарушения Продавцом и (или) его контрагентами (подрядчиками, поставщиками) вышеуказанных гарантий и заверений, а также удержать из причитающейся оплаты по настоящему Договору суммы убытков, связанные с таким нарушением. В этом случае уведомление об одностороннем отказе направляется Покупателем не позднее чем за 15 (пятнадцать) календарных дней до предполагаемой даты расторжения Договора. | Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің сайтында орналастырылған салық органдарының хабарламалары қайтарылған салық төлеушілердің тізіміне енгізілмегеніне / енгізілмейтініне;<br>4.19.4.6. Ол және (немесе) оның контрагенттері (мердігерлер, жеткізушілер) келесі әрекеттерді жасамағанына / жасамайтынына:<br>(i) сот заңсыз деп танылған мәмілелерді, және (немесе)<br>(ii) заңды күшіне енген сот актісімен іс жүзінде жұмыстар орындалмаған, қызметтер көрсетілмеген, тауарлар тиелмеген деп танылған шот-фактураны және (немесе) өзге құжатты жазып беру бойынша іс-әрекеттерді, және (немесе)<br>(iii) басшысы және (немесе) құрылтайшысы (қатысушы) ондай заңды тұлғаны тіркеуге (қайта тіркеуге) және (немесе) қаржылық-шаруашылық қызметін жүзеге асыруға қатысы жоқ салық төлеушімен іс жүзінде жұмыстарды орындамай, тауарларды тиеу қызметтерін көрсетпей, заңды күшіне енген сот шешімімен белгіленген операцияларды.<br>4.19.5. Сатушы тауардың шығу тегінің заңдылығына кепілдік береді және Сатып алушыға оның талабы бойынша жеткізілетін тауардың шығу тегін растайтын құжаттарды (тауарларға арналған декларация, 328.00 нысан бойынша жанама салықтарды төлеу туралы өтініш, осы шартты орындау үшін тартылған контрагенттермен шарт) беруге міндеттенеді.<br>4.19.6. Сатушы еңбек және материалдық ресурстардың, тиісті лицензиялар мен рұқсаттардың, Тауарларды жеткізуге қажетті өндірістік қуаттардың (қойма үй-жайларының, көлік құралдарының) болуын растайтын құжаттарды және өзінің қойма және/немесе өндірістік алаңдарының орналасқан жері туралы мәліметтерді ұсынады.<br>4.19.7. Сатушы тауарды өткізу кезінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасының тауарларға арналған электрондық ілеспе жүккұжаттарды міндетті ресімдеу бөлігіндегі талаптарын сақтайды.<br>4.19.8. Сатушы бұзушылық болған жағдайда және/немесе егер Сатып алушы мемлекеттік, оның ішінде салық органдары тарапынан жоғарыда көрсетілген растаулар мен кепілдіктердің бұзылуына байланысты қосымша салық есептеулеріне алып келуі мүмкін қандай да бір талаптар қойылса, Сатып алушы кез келген айыппұл санкцияларын, залалдарды, шығыстарды (шектеусіз, сот шығыстарын қоса алғанда) және осы бұзушылықтарға байланысты өзге де шығыстарды өтеуге міндеттенеді.<br>4.19.9. Тараптар шартты орындаудан биржақты бас тарту құқығына (шарттан бас тарту) қосымша ретінде Сатып алушы Сатушы және (немесе) оның контрагенттері (мердігерлері, жеткізушілері) жоғарыда көрсетілген кепілдіктер мен растамаларды бұзған жағдайда осы шартты орындаудан кез келген уақытта бас тартуға, сонымен қатар мұндай бұзушылыққа байланысты осы Шарт бойынша төленуі тиіс шығындардың сомасын ұстап қалуға құқылы екенімен уағдаласты және келісті. Бұл жағдайда биржақты бас тарту туралы хабарламаны Тапсырыс беруші Шартты бұзудың болжамды күніне дейін 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей жібереді. |
| **4.20. ПОЛОЖЕНИЯ О СПРАВЕДЛИВЫХ УСЛОВИЯХ НАЙМА И ПОРЯДКЕ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ С ПОСТАВЩИКАМИ**<br><br>4.20.1. Стороны обязуются выполнять свои обязательства, предусмотренные в настоящем Соглашении (договоре, контракте, меморандуме), с надлежащим соблюдением социальных прав своих работников и допустимым воздействием производственных операций на окружающую среду и местное население, проживающее вблизи производственных объектов.<br>4.20.2. Стороны обязуются выполнять свои обязательства по настоящему Соглашению (договору, контракту, меморандуму) в соответствии с принципами Кодекса о справедливых условиях найма и Регламента взаимодействия с поставщиками, размещенных на веб-сайте www.kazminerals.com.<br>4.20.3. Стороны гарантируют и заверяют, что:<br>(i) изучили свою трудовую практику в целях недопущения принудительного труда, рабства и торговли | **4.20. ЖҰМЫСҚА ӘДІЛ ТҮРДЕ ҚАБЫЛДАУ ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ ЖАБДЫҚТАУШЫЛАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕЛЕР**<br>4.20.1. Тараптар осы Келісімде (шартта, мәміледе, меморандумда) қарастырылған міндеттемелерін қызметкерлерінің әлеуметтік құқықтарын тиісті түрде және өндірістік операциялардың қоршаған ортаға және өндірістік объектілердің қасында тұратын жергілікті халыққа ықпалын сақтай отырып орындауға міндеттенеді.<br>4.20.2. Тараптар осы Келісімде (шартта, мәміледе, меморандумда) қарастырылған міндеттемелерін www.kazminerals.com веб-сайтында орналастырылған Жұмысқа әділ түрде қабылдау шарттары туралы кодекстің қағидаларына және Жабдықтаушылармен өзара әрекеттесу регламентіне сәйкес орындауға міндеттенеді.<br>4.20.3. Тараптар мыналарға кепілдік береді және куәландырады: |

| | |
|---|---|
| людьми в своей деятельности и, насколько известно Сторонам, в деятельности их непосредственных поставщиков (контрагентов) также не допускаются факты принудительного труда, рабства и торговли людьми;<br>(ii) внедрили разумно необходимые внутренние процессы и процедуры, в целях обеспечения соответствия своей деятельности гарантиям и заверениям, изложенным в настоящем разделе Соглашения «Положения о справедливых условиях найма», на протяжении всего срока действия настоящего Соглашения; и<br>(iii) предприняли и предпримут в будущем все необходимые и возможные меры, чтобы гарантии, указанные в настоящем разделе Соглашения «Положения о справедливых условиях найма», оставались в силе на протяжении всего срока действия Соглашения.<br>4.20.4. В настоящем разделе Соглашения термины «принудительный труд», «рабство» и «торговля людьми» следует толковать в соответствии определениями, используемыми Международной организацией труда («МОТ»), а также в соответствии с действующими и будущими конвенциями МОТ. | (i) өз қызметінде мәжбүрлі еңбек, құлдық және адамдарды сатуды болдырмау мақсатында өз еңбек тәжірибесін меңгерді, және Тараптарға белгілі болғандай, тікелей жабдықтаушылардың (контрагенттердің) қызметінде де мәжбүрлі еңбек, құлдық және адамдарды сату фактілеріне жол берілмейді;<br>(ii) өз қызметтерінің Келісімнің «Жұмысқа әділ түрде қабылдау шарттары туралы Ережелер» бөлімінде баяндалған кепілдіктер мен сенімдерге сәйкес келуін қамтамасыз ету мақсатында осы Келісімнің әрекет ету мерзімінде қисынды қажетті ішкі үдерістер мен тәртіптерді енгізді; және<br><br>(iii) Келісімнің «Жұмысқа әділ түрде қабылдау шарттары туралы Ережелер» бөлімінде баяндалған кепілдіктерінің Келісімнің әрекет ету мерзімінде өз күшінде қалуы үшін қажетті және мүмкін шараларды қабылдады және болашақта қабылдайды.<br>4.20.4. Келісімнің осы бөлімінде «мәжбүрлі еңбек», «құлдық» және «адамдарды сату» терминдерін Халықаралық еңбек ұйымында («ХЕҰ») пайдаланатын анықтамаларға, сонымен қатар ХЕҰ қолданыстағы және болашақ конвенцияларға сәйкес түсіндіру қажет. |
| **4.21. ПРОЧИЕ УСЛОВИЯ**<br>4.21.1. Ссылка на:<br>(a) слова в единственном числе включает множественное, и наоборот;<br>(b) любой род включает все другие роды;<br>(c) законодательство включает законы, указы и подзаконные акты.<br>4.21.2. Все дополнения к Договору действительны лишь при условии, что они совершены в письменной форме, подписаны уполномоченными на то лицами и скреплены печатями обоих Сторон.<br>4.21.3. Покупатель вправе передать все или часть своих прав и обязательств по настоящему Договору какой-либо третьей стороне без согласия Продавца. Покупатель обязан незамедлительно уведомить Продавца в случае такой передачи.<br>4.21.4. Продавец не вправе передавать свои права и/или обязательства по настоящему Договору третьим лицам без письменного согласия на то Покупателя.<br>4.21.5. С момента подписания Договора все предыдущие устные или письменные договоренности Сторон в отношении положений и условий настоящего Договора теряют свою силу.<br>4.21.6. Факсимильные копии Договора, приложений и дополнений к Договору имеют юридическую силу при условии, если Сторона, направившая по факсу какой-либо из вышеназванных документов, в течение последующих 3 (трех) дней направила оригинал соответствующего документа другой Стороне.<br>4.21.7. Договор, а также взаимоотношения Сторон, не урегулированные условиями Договора, регламентируются действующим законодательством Республики Казахстан.<br>4.21.8. Соответствие санкционному законодательству<br>4.21.8.1. Насколько известно Продавцу, ни Продавец непосредственно, ни его дочерние организации, директора, должностные лица, работники, ни прочие аффилиированные лица и агенты Продавца, действующие от его имени или от имени его аффилиированных лиц (далее – Связанные стороны) не находятся в санкционных списках, а равно не подвержены санкциям, введенным или администрируемым Правительством США (включая, без ограничения, Управление по контролю за иностранными активами Министерства финансов США, Государственный департамент США; Продавец и его Связанные стороны не включены в «список граждан особых категорий и запрещенных лиц» (specially designated national, blocked person), Советом безопасности ООН, Европейского Союза, Казначейства Ее Величества и прочими властями.<br>4.21.8.2. Стороны соглашаются, что в дополнение к правам на одностороннее расторжение и/или отказ от исполнения настоящего Договора, содержащиеся в нем, Покупатель вправе незамедлительно расторгнуть настоящий Договор и/или отказаться от его исполнения в случае нарушения условий пункта 4.21.8.1. выше или в случае если Продавец или его Связанная сторона после заключения Договора будет включена в санкционные списки, введенные или администрируемые Управлением по контролю за иностранными активами Министерства финансов США, Советом безопасности ООН, Европейским Союзом, Казначейством Ее Величества или иными | **4.21. БАСҚА ТАЛАПТАР**<br>4.21.1. Сілтеме:<br>(a) жекеше сөздер көпше түрді де білдіреді және керісінше;<br>(b) кез келген тек басқа барлық тектерді де білдіреді;<br>(c) заңнама барлық заңдарды, жарлықтарды және заңға қосымша актілерді қамтиды.<br>4.21.2. Осы Шарттың қосымшалары мен тіркемелері жазбаша түрде жасалып, өкілетті тұлғалар қол қойып, екі Тараптың мөрлері басылған жағдайда ғана жарамды болады.<br>4.21.3. Сатып алушы Сатушының келісімінсіз осы Шарттағы құқықтары мен міндеттемелерін толығымен немесе олардың бір бөлігін қандай да бір үшінші тарапқа беруге құқылы. Сатып алушы Сатушыға мұндай беру кезінде дереу хабарлауы тиіс.<br>4.21.4. Сатушы осы Сатып алушының жазбаша келісімінсіз Шарттағы құқықтары және/немесе міндеттемелерін үшінші тараптарға беруге құқылы емес.<br>4.21.5. Шартқа қол қойылғаннан кейін осы Шарттың ережелері мен талаптарына қатысты Тараптар бұрын жасаған барлық ауызша немесе жазбаша келісімдері өз күшін жоғалтады.<br>4.21.6. Шарттың қосымшалары мен тіркемелерінің, Шарттардың факс арқылы алынған көшірмелері жіберілгеннен кейін, оларды жіберген Тарап 3 (үш) күн ішінде тиісті құжаттың түпнұсқасын басқа Тарапқа жіберген болса, мұндай көшірмелер заңды күшке ие болады.<br><br>4.21.7. Шарт және Шартпен реттелмейтін Тараптардың қарым-қатынасы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.<br>4.21.8. Санкциялық заңнамаға сәйкестік<br>4.21.8.1. Сатушыға мәлім болғандай, Сатушының өзі, не оның еншілес ұйымдары, директорлары, лауазымды тұлғалары, жұмыскерлері, не Сатушының атынан немесе оның үлестес тұлғаларының атынан әрекет ететін өзге үлестес тұлғалары мен агенттері (бұдан әрі – Байланысты тараптар) санкциялық тізімдерде тіркелмеген, сондықтан олар АҚШ Үкіметі (соның ішінде, бірақ олармен шектелмейді: АҚШ Қаржы министрлігінің Шетелдік активтерді бақылау басқармасы, АҚШ Мемлекеттік департаменті; Сатушы және оның Байланысты тараптары «Ерекше санаттағы азаматтардың және тыйым салынған тұлғалардың тізіміне» (specially designated national, blocked person) енгізілмеген), БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі, Еуропалық Одақ, Ұлы мәртебелі ханшайымның Қазынашылығы және басқа да өкімет биліктері енгізген немесе әкімшілік ететін санкцияларға ұшырамайды.<br>4.21.8.2. Тараптар осы Шартты біржақты тәртіпте бұзу және/немесе орындаудан бас тарту құқықтарына қосымша түрде, жоғарыда көрсетілген 4.21.8.1 -тармақтың талаптары бұзылған жағдайда немесе егер сатушы не оның Байланысты тараптары шартты жасасқаннан кейін жоғарыдағы 4.21.8.1 - тармақта көрсетілгендей АҚШ Қаржы министрлігінің Шетелдік активтерді бақылау басқармасы, БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі, Еуропалық Одақ, Ұлы мәртебелі ханшайымның Қазынашылығы және басқа да өкімет биліктері енгізген немесе әкімшілік ететін санкциялық тізімдерге енгізілетін болса, онда Тапсырыс берушінің осы Келісімді тез арада бұзуға (орындаудан бас тартуға) құқылы |

| | |
|---|---|
| властями, как указано в пункте 4.21.8.1 выше, при этом Продавец не вправе требовать дополнительных выплат, предусмотренных Договором. | екендігімен келіседі, бұл жағдайда сатушы шартта көзделген қосымша төлемдерді талап етуге құқылы емес. |
| **5. ЮРИДИЧЕСКИЕ АДРЕСА, РЕКВИЗИТЫ СТОРОН** | **5. ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕНЖАЙЛАРЫ, ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ** |
| **ПОКУПАТЕЛЬ** | **САТЫП АЛУШЫ** |
| | |
| | |
| | |
| | |
| | |
| **ПРОДАВЕЦ** | **САТУШЫ** |
| **[Вставить адрес Поставщика]**<br><br>Телефон: _____ *вставить сведения*<br>Факс: _____ *вставить сведения*<br>Электронный адрес:_____ *вставить сведения* | **[Жеткізушінің мекенжайын енгізу]**<br><br>Телефон: _____ *мәліметті енгізу*<br>Факс: _____ *мәліметті енгізу*<br>Электрондық пошта::_____ *мәліметті енгізу* |
| БИН: | БСН: |
| РНН: | СТН: |
| Свидетельство о постановке на учет по НДС № | ҚҚС бойынша тіркеу есебіне тұру туралы куәлік № |
| Банковские реквизиты: | Банктік деректемелер: |
| | |

**6. ПОДПИСИ СТОРОН / ТАРАПТАРДЫҢ ҚОЛДАРЫ**

| **ПОКУПАТЕЛЬ / САТЫП АЛУШЫ** | **ПРОДАВЕЦ / САТУШЫ** |
|---|---|
| **_____ / _____** | ФИО / ТАӘ |
| подпись / қолы<br><br>_____ | подпись / қолы<br><br>_____ |

*Куратор договора*_____ _____
*ФИО* *подпись*